

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шашпақ...*  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**9/2017 ҚЫРКҮЙЕК**

---

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшиһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### *Таным табиғатында*

<b>А.ЖҮСПОВА.</b>	Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту.....3
<b>М.ҚАРАМЕНДИНА.</b>	Мақал-мәтелдердегі қазақтың қоғамдық тұрмысы.....23
<b>М.ТЕМІРЖАНОВА.</b>	Мұғалімнің заманауи сабақ құрылымына ұлттық құндылықтарды енгізудің маңызы.....40
<b>Р.ЖҮНДІБАЕВА.</b>	Жеке тұлғаның қалыптасуы жолында халық ауыз әдебиетінің алар орыны.....56
<b>М.МҰҚАШЕВА.</b>	Шығарма жазуға қалыптастырудың кейбір жолдары...61

### *Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

<b>А.УТЕГАЛИЕВА.</b>	С.Сейфуллин. «Ақсақ киік».....77
<b>Н.ТЛЕБАЛДИНА.</b>	Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын оқыту.....83
<b>М.МҮСІПМ.</b>	М.Мағауин. «Бір атаның балалары».....93
<b>Б.ҚҰЛАНБАЕВА.</b>	Ж.Аймауытұлы. «Әнші» әңгімесіндегі ән күдіреті және Әмірқан бейнесі.....98

### *Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

<b>Ә.ЖҰМАҚҰЛОВА.</b>	Менің бос уақытым.....104
<b>Ж.СЕНҒЕРБЕКОВА.</b>	Осы шақ. Нақ осы шақ.....113
<b>М.САЛЫҚОВ.</b>	Синонимдер.....116
<b>Н.ЕРБОЛОВА.</b>	Астана символы-Бәйтерек.....121

### *Эссе*

<b>Ж.САҒЫНОВА.</b>	Менің өмірдегі кітабым.....126
--------------------	--------------------------------

### *Сыныптан тыс шара*

<b>М.АҚТАЖИЕВА.</b>	XXI ғасыр Махамбеті.....132
---------------------	-----------------------------

### *Бір өлең-бір әлем*

<b>Ж.ТӨЛЕУБАЕВА.</b>	Сөнбес шырақ.....140
----------------------	----------------------

### *Оқушы шығармашылығы*

<b>ДАРЫСТАНҒАЛИЕВ.</b>	Мағжан ақынмен сырласу.....142
------------------------	--------------------------------

**А.ЖҮСПОВА,**  
**ХББ НЗМ мұғалімі, ф.ғ.к.**  
Қарағанды қаласы

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША  
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН  
ОҚЫТУ**

XXI ғасырдағы ғылым мен техника беріп отырған мүмкіндіктер қоғам өмірінің қарқынын жылдамдатқаны соншалық – ақпараттың минут сайын өзгеріп отыратынына көзіміз жетті. Ал осындай өзгермелі заманда ұрпақты болашаққа қалай дайындау керек деген сұрақ әлемдегі дамыған елдердің білім беру жүйесін толғандырып, көптеген педагогикалық зерттеулердің объектісіне айналған. Осы тұрғыдан әлемнен оқшау өмір сүрген посткеңестік Қазақстан тәуелсіздік кезеңінде қоғамның жаһандық жағдайда өмір сүруге дайын емес екенін байқай бастады.

Халықаралық интеграция экономика, технология, техника, ғылым салаларындағы жетістіктерімен бірге әлеуметтік өмір, қоғамдық қауіпсіздік саласындағы біраз мәселелерді де ала келгені анық. Олармен күресудің ең тиімді жолы мәселенің алдын алу болатын болса, тәсілі өз ұрпағымызды білім беру жүйесі арқылы жаңа қоғамда өмір сүруге дайындап тәрбиелеуде жатыр. Сондықтан да, Елбасының бастауымен Назарбаев Зияткерлік мектептерінде әлемдік білім беру жүйесінің үздік үлгілері тәжірибеден өткізіліп, қазіргі кезде Қазақстандық білім беру жүйесінде үлкен реформалар іске асырылып жатыр.

Реформалардың негізі оқу бағдарламалары, педагогикалық әдіс-тәсілдер, бағалау жүйесі арқылы іске асуда. Солардың ішінде мұғалімдердің біліктіліктерін жоғарылату курстарында жиі айтылып жүргені – оқыту әдіс-тәсілдеріндегі жаңалықтар. Оның басты мақсаты – оқушыларға білім бере отырып,

олардың жұмыс істеу тәсілдерін ұйымдастыру арқылы сыни және шығармашылық ойлау, коммуникативтік және көшбасшылық, қабілеттері, IT құзыреттілік, өмір бойы оқу, азаматтық жауапкершілік сияқты өмірлік дағдыларын қалыптастыру. Бүгінгі күнгі сабақтарға қойылатын басты талаптардың бірі - осы құндылықтарды балалардың бойында қалыптастыру болып табылады. Олардың іске асуы үшін пәндік білім беруде арнайы педагогикалық әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдану қажет. Пәндік білім мұғалім алдында «нені үйретемін?» деген сұрақты қойса, педагогикалық білім «қалай үйретемін?» деген сұрақты қойып, оқу үдерісінде екеуінің қатар іске асырылуын талап етеді. Осы ретте бірнеше жыл бойы «Педагогикалық шеберлік» орталығында үйретуші қызметін атқара жүріп байқағаным: мұғалімдердің қабылдауы үшін қиындық тудырып жүрген мәселе - педагогикалық әдіс-тәсілдерді сабақтың

басты құндылығына айналдыру. Оның нақты себебі де бар: біріншіден, бұрынғы білім беру жүйесі бойынша мұғалім сабаққа кірерде өзіне «нені оқытамын?» деген сұрақты ғана қойды және бұл - санада қалыптасып кеткен дәстүр, ал сананы өзгерту - қиынның қиыны; екіншіден, мұғалім күнделікті жұмыста қысқа мерзімді жоспар жасай жүріп, қысқа уақытта қол жеткізілетін білім берушілік нәтижені көздейді де, назары «нені үйретеміз?» деген сұраққа ауып кете береді. Ал ұзақ мерзімді мақсатты – жан-жақты дамытылған тұлғаны қалыптастыруды іске асыратын «қалай үйретеміз?» деген сұрақ назардан түсіп қалып жатады.

Біздің пайымдауымызша, бүгінгі ғылымның дамуы, «қалай үйретеміз?» деген сұрақты бірінші орынға шығаруды талап ететіндей. Себебі дәстүрлі сабақ оқушылар үшін әлемдегі құбылыстарға жауап беруге бағытталса, заманауи сабақ заман талабына сай оқушыны

өзіне сұрақ пен мақсат қойғызып, мәселені шешуге бейімделтеді.

Білім беру жүйесінде білім алушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мен өлшемді бағалау жүйесі Б.Блум таксономиясы бойынша білу, түсіну, қолданудан талдау, синтездеу, бағалауға қарай жоғарылап, құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Сондықтан да пәндік оқу бағдарламаларына де түбегейлі өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер «Әдебиет» пәнін оқытуда да орын алды: жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақ әдебиетін» оқыту сабағы пәнді жаңа қырынан (новые подходы в обучении) қарастыра бастады. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы «әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін; әр түрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері

мен жанрларын біліп, шығарманы әлем әдебиеті туындыларымен және өнердің басқа түрлерінің туындыларымен салыстырып, бағалап, эссе дайындай» білуі тиіс. [1]. Осы мақсат мектеп түлегінің бойында әдебиетті өмірді бейнелейтін өнердің бір түрі ретінде қабылдап, оның даму заңдылықтарын танып, көркем шығарманың мәнін түсіне білетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді, яғни әдебиетті оқыту мақсаты сөз өнерінің түпкі мақсатынан (дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеруден) туындайды. Пәндік мақсаттан оқу бағдарламасында берілген жеке сабақта іске асырылатын оқу мақсаттары «Түсіну және жауап беру», «Анализ және интерпретация», «Бағалау және салыстыру» деген үш топқа бөлінген, дегенмен оқу мақсаттарының мүмкіндігінше барлығы бір ғана көркем шығарманы талдауда қолданылады. Мұның негізінде көркем шығарманы мазмұндық,



идеялық және тарихи қырларынан қарастырып, көркемдік-эстетикалық, концептуалды тұрғыдан зерттеу жатыр, яғни бір көркем шығарманы қарастыру модульдік жүйе арқылы іске асады. Және әрбір жаңа шығарманы оқытуда оқу мақсаттары жаңа объектіде (көркем шығарманы оқытуда) шиыршық (спираль) түрінде қайталанып отырады.

Көркем шығарма - өнер туындысы, онымен танысуда сөз өнеріне тән көркемдік тәсілдерді талдай отырып, автордың оқырманға айтар ойын, идеясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан ашу қажет, ал мұның өзі оқырманның әдеби сауаттылығын талап етеді. Сондықтан да, әдебиет пәнін оқытудың міндеті оқушының әдеби шығарманы талдау дағдысын қалыптастыра отырып, сыни және шығармашылық ойлауын дамыту болып табылады. Дағды қалыптастыру біршама көп уақытты талап ететін құндылықтардың

бірі болғандықтан, жаңартылған оқу бағдарламасында бір тоқсанда 3-4 туынды ғана қарастырылады. Қазіргі кезде жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша көпшілік әдебиетші мұғалімдердің туындайтын сұрағы: «бір шығарманы (мысалы, шағын жанр - әңгімені) бірнеше сабақ бойы (6-7 сағат) қалай оқыта беруге болады?». Оның екі жауабы бар: біріншіден, көркем шығарманың кешенді талдау реттілігін ұстану: алдымен сюжеттік желіні толық меңгертіп (1-сабақ), ондағы образдар жүйесі (2-сабақ) мен әдеби көркемдеуіш құралдардың (3-сабақ) идеяны жеткізудегі атқаратын рөлін ашып, жазушы өмірбаяны негізінде идеяның автор өміріндегі маңыздылығын (4-сабақ) тауып, көтерілген мәселеден сол заманның өмір шындығын көркем тану (5-сабақ) және оған баға беру (6-сабақ). Көркем шығарманы талдаудың осы тұжырымдамасы тұтас жүйе ретінде әрбір көркем шығарманы оқытуда пайдаланылса,

оқушылардың бойында оқырман сауаттылығы қалыптастырылады. Екіншіден, сабақ үдерісі оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау, коммуникативтік, мәселені шешу, АКТ қолдану, өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға бағытталғанын ескерсек, берілген сағат санының өзі аздық етуі мүмкін.

Пәндік және тәрбиелік мақсатты негізге алып, «Қазақ әдебиеті» бағдарламасы құрастырылуда оқушылардың бойында әдеби шығарманы талдау құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқу мақсаттары айқындалып, ұзақ мерзімді жоспарда барлық сыныптар бойынша қарастырылатын көркем шығармалар тізімі көрсетілген. Әр сыныптағы шығармалар тізімі хронологиялық ұстаным бойынша іріктеліп, қазақ әдебиетінің даму тарихы мен кезеңдерін меңгеруге мүмкіндік береді. Орта мерзімді жоспарда көркем шығарманы бір модульдік жүйе ретінде өзара байланысты сабақтар тізбесі түрінде

жоспарлау мақсатында, оқу мақсаттары көркем шығарманың жанрлық ерекшелігіне байланысты іріктеледі және соған сай педагогикалық әдіс-тәсілдерді ұсынады. Орта мерзімді жоспар мұғалімдерге ұсыныс ретінде берілгендіктен, күнтізбелік жоспар құрастыруда оны негізе алуға мүмкіндігі бар немесе Блум таксономиясына негіздеп құрған төмендегі кестені пайдалануды ұсынамыз.

Білу	Түсіну	Қолдану	Талдау	Жинақтау	Бағалау
№1. Т/Ж4. Шығарма үзінділері- мен жұмыс	№3. Т/2. Әдеби шығарма- ның тұжырым- дамасы	№6. А/И3. Көркем шығарма- ның тілі	№8. Б/С1. Тарихи және көркемдік құндылығы	№10. А/И4 Шығарма- шылдық жұмыс	№12. Б/С4. Әдеби сын
№ 2. Т/Ж1. Көркем шығарма- ның мазмұны мен пішіні	№4. А/И1. Әдеби шығар- маның компози- циясы	№7. А/И2. Автор бейнесі	№9. Б/С2 Зама- науи- лығы мен жаңа- шылды ғы	№11. Б/С3. Әдеби эссе	
	№5. Т/Ж3. Көркем шығармада- ғы образ				

\* Әр оқу мақсаты тұсында көрсетілген реттік саны көркем шығарманы талдаудағы

реттілікке негізделген.

Ал қысқа мерзімді жоспарда нақты оқушылардың қажеттіліктері ескеріле отырып, нақты оқу мақсаттарының іске асу тәсілдері мен реті көрсетіледі.

Сабақ жоспарын жасауда, біріншіден, күнтізбелік жоспарға сай сабақта іске асатын оқу мақсаттары белгіленіп, оның бағалау өлшемдері (күтілетін нәтиже) құрастырылады; екіншіден, сол нәтижеге апаратын жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер іріктеледі. Жоғарыда атап өткеніміздей, педагогикалық әдіс-тәсілдер ұстанымы оқушылардың бойында құндылықтарды дамытуға бағытталуы тиіс. Жаңартылған оқу бағдарламаларының басты ұстанымдарына жататыны:

Іс-әрекеттік ұстаным бойынша оқушыға білім дайын күйде берілмейді, оқушы оны өзі өндіреді, сол арқылы оқу әрекетін дағдыға айналдырып, пәннің жүйесін түсінеді және

кабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады.

Тұлғаға бағытталған ұстаным оқу үдерісінде тұлғаның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қабілеттіліктерін ескере отырып, оқушыны жан-жақты дамыту мен оның шығармашылық қабілеттерін толық ашуға бағытталған.

Саралап оқыту ұстанымы оқу үдерісін оқушылардың әр түрлі топтарына түрлі жағдайларды жасауды көздеп, арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді қамтиды.

Коммуникативтік ұстанымда ақпаратты тарату мен жариялау екі немесе одан да көп оқушының сөйлесуі (жұптық және топтық жұмыстар) арқылы атқарылып, тіл арқылы қатынасу және қатынас жағдайына сай тиімді мінез-құлықты таңдай білу қабілеттілігі дамытылады.

Жобалық ұстанымда оқушының немесе оқушылар тобы ғылыми-зерттеушілік,

шығармашылық немесе практикалық сипаттағы тапсырмаларды орындайды. Ол ортақ мақсатымен, келісілген әдістер мен іс-әрекеттердің реттілігімен, кеңейтілген шешімдер мен белгілі тәсіл бойынша рәсімделген нәтижелермен сипатталынады.

Мысалы, Ботақара орта мектебінің ұстазы Құмай Ақанның сабақ жоспары. Мақала авторымен өңделген.

Сабақтың тақырыбы:	Т.Әбдіков. «Қонақтар» әңгімесі
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	7.Т/Ж 1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау. Т/Ж 2. Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау. Т/Ж 3. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау. Т/Ж 4. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту. А/И 1. Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру.
Сабақ мақсаты:	Барлық оқушылар Әңгіме үзіндісін оқып, қысқаша мазмұнын біршама жеткізеді. Әңгіменің композициялық құрылымын ішінара анықтайды. Эпизодтар мен бейнелер арқылы шығарманың идеясын біршама анықтайды. Кейіпкерлердің болмысын гуманистік тұрғыдан біршама ашады. Көптеген оқушылар Әңгіме үзіндісін оқып, қысқаша мазмұнын айтады. Әңгіменің композициялық құрылымын анықтайды. Эпизодтар мен бейнелер арқылы шығарманың идеясын анықтайды. Кейіпкерлердің болмысын гуманистік тұрғыдан ашады.

	Кейбір оқушылар Әңгіме үзіндісін оқып, мазмұнын айтады. Әңгіменің үзінділерін біріктіріп, композициялық құрылымын анықтайды. Эпизодтар мен бейнелерді салыстыру арқылы шығарманың идеясын анықтайды. Кейіпкерлердің болмысын көркемдік тәсілдері талдау арқылы гуманистік тұрғыдан ашады.										
Құндылықтарды игерту:	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; қарым-қатынас жасау қабілеті; өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; жауапкершілік; айналадағыларға қамқорлық көрсету; өмір бойы оқуға дайын болу.										
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі										
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Сабақ барысында PowerPoint бағдарламасы қолданылады.										
Тілдік мақсаттар:	Пән лексикасы және терминология: сағыныш, үміт, адамгершілік, сезім, реніш; Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: перзенттік парыз, қартайған ата-ана, отбасылық құндылық, үміт оты.										
Осыған дейін меңгерілген білім	Әңгімеге арналған алғашқы сабақ.										
Жоспар											
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Іске астын құндылық									
Сабақ басы 2 минут	Қызығушылықты ояту. Сурет книықтарымен топқа бөлу:	Сыни ойлау.									
3 минут	«Болжам» стратегиясы. -Қалай ойлайсындар, әңгіме неге «Қонақтар» деп аталады?	Қарым-қатынас мәдениеті									
2 минут	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 33%;">Болжам жасау</th> <th style="width: 33%;">Оған қандай дәлелің бар?</th> <th style="width: 33%;">Шындығында не болды?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Сабақ мақсатын, бағалау өлшемдерін болжау, мұғалімнің нұсқасымен танысу.</p>	Болжам жасау	Оған қандай дәлелің бар?	Шындығында не болды?							
Болжам жасау	Оған қандай дәлелің бар?	Шындығында не болды?									



Сабақ ортасы 5 мин.	1. Білу. Сөздік бинго әдісі бойынша жаңа сөздердің мағынасын табады.			Иә Мүмкін Жок								
10 мин.	<table border="1" data-bbox="517 562 949 752"> <thead> <tr> <th data-bbox="517 562 668 607">Сөз</th> <th data-bbox="668 562 770 607">Болжанған мағына</th> <th data-bbox="770 562 873 607">Сөздіктегі мағына</th> <th data-bbox="873 562 949 607">Сөйлем</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="517 607 668 752">Алагеуім - Жолай - Шақша - Нокта - Сағағы - Көлегейлеп - Қыжылу - Китар -</td> <td data-bbox="668 607 770 752"></td> <td data-bbox="770 607 873 752"></td> <td data-bbox="873 607 949 752"></td> </tr> </tbody> </table>			Сөз	Болжанған мағына	Сөздіктегі мағына	Сөйлем	Алагеуім - Жолай - Шақша - Нокта - Сағағы - Көлегейлеп - Қыжылу - Китар -				
Сөз	Болжанған мағына	Сөздіктегі мағына	Сөйлем									
Алагеуім - Жолай - Шақша - Нокта - Сағағы - Көлегейлеп - Қыжылу - Китар -												
10 мин.	<p>Жауап:</p> <p>Алагеуім - таң енді атып келе жатқан уақыт, апақ - сапақ.</p> <p>Жолай - жолдан соғу, бару.</p> <p>Шақша - насыбай салатын ыдыс.</p> <p>Нокта – жүген тәрізді мал басына кигізілетін әбзел.</p> <p>Сағағы - мойын, алқым.</p> <p>Көлегейлеп – қолын маңдайына апару, күннен қорғану.</p> <p>Қыжылу - кейбір ренішті жағдайдың жанға батуы, қиналу.</p> <p>Китар - бірбеткей, қыңыр, қисық.</p> <p>2. Түсіну. «Өз сөзіңмен баянда» әдісі.</p> <p>Мәтінді бөліктерге бөліп оқыңыз да, Джигсо әдісі бойынша бір-бірлеріңізге баяндаңыздар.</p> <p>1-топ. 1-бет; 2-топ. 7-12 бет; 3-топ. 13-18 бет.</p> <p>3. Қолдану.</p> <p>1-топ.</p> <p>Шығарманың композициялық құрылымын анықтаңыздар.</p> <p>1. Әңгіменің басталуы. 2. Дамуы. 3. Байланысуы. 4. Шиеленісуі. 5. Шарықтау шегі. 6. Шешімі.</p> <p>Жауап:</p> <p>1. Әңгіменің басталуы - Ермабыл шал мен кемпірінің әңгімесі.</p> <p>2. Дамуы - Ерекеңнің малын іздеуі, ішкі ойы.</p> <p>3. Байланысуы - Қаладағы баласының келуі.</p> <p>Ауыл қонақтары.</p> <p>4. Шиеленісуі - Сапабек пен әкесі әңгімелерінің жараспауы. Ауыл әні.</p> <p>5. Шарықтау шегі - Мазасы кеткен қарт.</p> <p>6. Шешімі - Соңғы үміті орындалмаған қария.</p> <p>2-топ.</p> <p>Берілген үзінді көркем тәсілдің қай түріне жататынын анықтаңыздар да, сол бойынша кейіпкерге мінездеме беріңіз.</p>											

	<p>Ат жақты, қапсағай сары.  Омырау, жеңдері ашық шұбар көйлек киген, шашын қидырған, топ-толық, ақ сары ажарлы;  Аяқ-қолы шидей, көзі китар, алтылар шамасындағы.  Жауап:  Сапабек (ұлы) – Ат жақты, қапсағай сары жігіт.  Тома (келіні) – Омырау, жеңдері ашық шұбар көйлек киген, шашын қидырған, топ-толық, ақ сары ажарлы келіншек.  Жеңіс (немересі) – Аяқ-қолы шидей, көзі китар, алтылар шамасындағы.</p> <p>3-топ. Венн диаграммасы бойынша Ерғабыл мен Сапабекті салыстырыңыздар. Оларға өмірден мысал келтіріңіз.  Жауап:  Айырмашылығы: Ерғабыл – ауыл тұрғыны, қарт, оқымаған, көп сөйлемейтін, қарапайым жан.  Айырмашылығы: Сапабек – қала тұрғыны, жас, оқыған, өзімшіл, көп сөйлегіш.  Ұқастығы: Әкелі – балалы туыстар, ер адам, айтқанынан қайтпайтын бірбеткей</p> <p>4. Талдау. «Екі жақты күнделік» стратегиясы:  Берілген үзінділер бойынша кейіпкерлерге мінездеме беріңіз, оның кім екенін дәлелденіз.  Берілген үзіндіде көркемдік тәсілдің қай түрі қолданылған? Оның кейіпкер образын ашудағы рөлін түсіндіріңіз.  I топ:</p> <table border="1" data-bbox="568 1218 967 1686"> <thead> <tr> <th data-bbox="568 1218 751 1252">Кейіпкер</th> <th data-bbox="751 1218 967 1252">Мінездеме</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="568 1252 751 1462">Қайдам, осы бір тастардың соңында кеттің ғой өзінмен-өзің болып. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер.</td> <td data-bbox="751 1252 967 1462"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="568 1462 751 1686">- Бос сөз сөйлемдер!- Ерекең жастар жағына зекіп қалды. – Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын. Ие болсын мына ку шаңыраққа!</td> <td data-bbox="751 1462 967 1686"></td> </tr> </tbody> </table>	Кейіпкер	Мінездеме	Қайдам, осы бір тастардың соңында кеттің ғой өзінмен-өзің болып. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер.		- Бос сөз сөйлемдер!- Ерекең жастар жағына зекіп қалды. – Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын. Ие болсын мына ку шаңыраққа!		
Кейіпкер	Мінездеме							
Қайдам, осы бір тастардың соңында кеттің ғой өзінмен-өзің болып. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіңдер.								
- Бос сөз сөйлемдер!- Ерекең жастар жағына зекіп қалды. – Әке жолын қуса, мына менің жолымды қусын. Ие болсын мына ку шаңыраққа!								

Баланы ше? Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме? Екеуден-екеу қашанғы отырамыз сойдыып.									
II топ:									
<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 50%; padding: 5px;">Кейіпкер</th> <th style="width: 50%; padding: 5px;">Мінездеме</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="padding: 5px;">Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жок.</td> <td></td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px;">Геологияның болашағы деген болашақ керемет қой. Әрине, ешбір қоғам мұнсыз күн көре алмас еді.</td> <td></td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px;">Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Кейіпкер	Мінездеме	Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жок.		Геологияның болашағы деген болашақ керемет қой. Әрине, ешбір қоғам мұнсыз күн көре алмас еді.		Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...		
Кейіпкер	Мінездеме								
Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жок.									
Геологияның болашағы деген болашақ керемет қой. Әрине, ешбір қоғам мұнсыз күн көре алмас еді.									
Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...									
III топ:									
<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 50%; padding: 5px;">Кейіпкер</th> <th style="width: 50%; padding: 5px;">Мінездеме</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="padding: 5px;">- Аже, бер, дайте мне, дайте.</td> <td></td> </tr> <tr> <td style="padding: 5px;">Ты что с ума сошел!- деді Тома әрі сөйлетпей. Дауысы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді.</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Кейіпкер	Мінездеме	- Аже, бер, дайте мне, дайте.		Ты что с ума сошел!- деді Тома әрі сөйлетпей. Дауысы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді.				
Кейіпкер	Мінездеме								
- Аже, бер, дайте мне, дайте.									
Ты что с ума сошел!- деді Тома әрі сөйлетпей. Дауысы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді.									
5. Жинақтау. «Пікірталас» стратегиясы бойынша «Сапабектің іс-әрекеті дұрыс па, жоқ па?» деген сұраққа қатысты өз көзқарастарыңызды айқындап, «Пікірталас кестесін» толтырыңыздар.									
Иә	Мүмкін	Жоқ							

<p>Сабақ соны. 3 минут.</p>	<p>«Шығарға билет» әдісі бойынша қиық қағазға келесі сұраққа өз ойыңызды жазыңыз. Бүгінгі әңгімеден мен қандай ой түйдім? Автор шығармада өз идеясын жеткізу үшін қандай көркемдік тәсілдерді пайдаланған?</p>	<p>Сыни ойлау</p>
<p>Қосымша ақпарат</p>		
<p>Дифференциация. Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау. Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>
<p>Топта бірлесіп оқыту арқылы мықты оқушылар әлсіз оқушыларға қолдау жасайды. Әдеби көркемдегіш құралдардың түрлерін беру арқылы әдебиет теориясынан білім алуға мүмкіндік беремін.</p>	<p>Оқушылардың көркем шығарманы талдау нәтижесін таныстыру, дұрыс жауап нұсқасын беру және бағалау өлшемдері бойынша өзара бағалау.</p>	<p>Пәнаралық байланыс – қазақ тілі. Туыстық қатынастың адам өмірінде алатын орнын құндылық ретінде көрсету. Интербелсенді тақта, онлайн сөздік қолданылады.</p>
<p>Ойлану. - Сабақ мақсаттары/ оқу мақсаттары жүзеге асырылды ма? - Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? - Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? - Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба?</p>	<p>Сабақ мақсатына жетті. Оған мақсатқа сай құрылған тапсырмалар өз көмегін тигізді.  Әке мен бала арасындағы қарама-қайшылықтарға негізделген шығарма арқылы автордың айтар ойын ұғынды. Оқушылар қызығушылықпен жұмыс жасады. Жоспарланған саралау тапсырмалары тиімді болып, оқушы белсенділігінің артуына ықпал етті. Сабақта берілген тапсырмалар жоспарланған уақытта орындалды. Өз сабағымда топқа берілген тапсырмалар сәтті өтті.</p>	

<p>Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Қиындық тудырған мәселелер: мәтіннің көлемді болуы. Сабақ бойынша тренер мен әріптестердің ұсынысынан кейін тапсырмалар саны мен мәтін көлемін өзгертіп, тиімді пайдаландым.</p>
<p>Жалпы баға  Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)  Оқушылардың топта жұмыс істеуі және әңгіме идеясын ашатын әдістер арқылы оқушылардың әңгіме идеясын өз бетінше ашуы.  Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді? (сабақ беру және оқытуға қатысты)  Оқушылардың кері байланысын қосар едім.  Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?  Уақытты үнемді пайдалану жолдары.</p>	

Берілген сабақ үлгісі көркем шығарма бойынша кіріспе сабақ болып табылады. Екінші сабақта шығармадағы көркемдегіш құралдардың (*символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпитопа, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ*) қолданысын талдау және эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау сияқты оқу мақсаттары бойынша қарастырса, үшінші сабақта кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына, әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру сияқты оқу мақсаттарын қамтып, ал төртінші сабақта шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып шығармашылық

жұмыс жасаса, бесінші сабақта шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазумен аяқтайды.

Көркем шығарманы кешенді әдеби талдаудың осы реті оқушылардың әдеби шығарманы талдап, өнер түрі ретінде терең түсіну дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар, оқушылардың өз ойын жүйелі, қисынды, шешен сөйлеу сияқты тілдік дағдыларын жетілдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысына 6-қосымша. Б. 7-8.

2. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы.

**М.ҚАРАМЕНДИНА,**  
Орталық Азия университеті.  
Алматы қаласы

## **МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРМЫСЫ**

«Қазақтың ауыз әдебиетінде түрліше ұсақ жанрлардың үлгілері кең өрістеген. Бұлардың ішінде мақал-мәтелдер қазақ халқының өмірі мен тұрмысын неғұрлым кең, жан-жақты толық етіп көрсетеді»- дейді М.Әуезов [1.400]. «Халық - дана», «Халық – қапысыз сыншы», «Халық қаһары қамал бұзады», «Қатардан ассаң да халықтан аспақ жоқ», «Халқым дегенді Құдай да қолдайды» [2.40] деп халқын ерекше құрмет тұтатын қазақ ру-тайпалары шартты түрде үш жүзден тұрады және одан басқа құрамында: төре, төлеңгіт, құрама, ноғай, сунақ, қожа бар. Бұны көне ру-тайпаларға қатысты қалыптастырған

мақал-мәтелдерінен байқаймыз. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе?», «Арғын – аған, қыпшақ – жаған, Қаңлысыз қабыл болмас тобаң», «Ожырай көшсе орнынан, жаппас қонар жұртына», «Білсең қызайыңмын, Білмесең құдайыңмын», т.б. Көне түркі тілдес ру-тайпалардың кейбіреулері қазақпен көршілес ноғай, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар сияқты халықтар құрамына кірген, сондықтан «Ноғай, қазақ – бір кісі», «Қазақ, қырғыз бір туған, Сарт шіркінді кім туған?», «Өзбек - өз ағам, сарт – садағам», «Сарттың жаманы «қазақ болам» дер, Қазақтың жаманы «сарт болам» дер», сондай-ақ «Өзбектің кигенін ал, Қазақтың мінгенін ал», «Татарға тілмаш керек емес», «Қазақ қартайса, түйе бағады, Қарақалпақ қартайса, томар қазады» [2.42] деген мақал-мәтелдер қалыптасқан. Қазақтың этникалық құрылымы рулардың жай ғана жиынтығы емес, олардың қатаң генеалогиялық тәртіпке мойынсұнып,



жолына қарай сатылана келіп, түбі бір атаға саятын арнасы [3.4]. Сондықтан халық «Рулы ел ұялы терек», «У ішсең ұлтыңмен, жұтасаң жұртыңмен», «Адассаң еліңмен адас» дейді. Көшпелі өмір салтынан шығып кеткен қазақтар бірден өзінің этникалық атын жоғалтады, яғни өмір салты этникалық сананың қайнары (мәселен құрама)[3.46]. Осыған қатысты «Дәстүрі жараспағанның, дәм-тұзы жараспайды», «Алты күн аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» дейтін мақалдар орайласып тұр [4.12].

Қазақта «Халық – кеуде, патша – бас», «Кеңесті хан азбайды, кең киім тозбайды», «Ханның қадірі қашса, қазыға жүгінеді» дейтін нақылдар бар. «Әр ханның тұсында бір сұрғылтай» дегендегі мақалда сұрғылтай деп торғайдың үлкендігіндей кішкене беймаза құс, ауыспалы мағынасы: екіжүзді, опасыз, қаскүнем [5.748].

Әр қилы заманда өмірге келген мақалдарды

кейінгі заман адамының түсініп, қабылдауы әр түрлі болуы мүмкін. Мәселен, «У жесең руыңмен», «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деген мақалдарды кешегі біртұстарда талайлар рулық қоғамды, хандық дәуірді дәріптеудің көрінісі деп түсініп жүрді,-дейді Ж.Тілепов [6.7], ал, шындығында осынау ілгері мақалды не қиындық көрсең де, небір аласапыран алапатты кезге тап болсаң да еліңмен бірге бол деген ойдан өрбімеген деп кім айта алады? Екінші мақалдың ханның кеңесші-ақылшысы қырық уәзірімен байланысты айтылғандығын кім теріске шығара алады? Егер хан төңірегінде жүрген пейілі түзу ақылмандардың ой қорытындыларын белгілі жағдайда дұрыс пайдаланатын, құрыштай берік пікір иесі болса, ондай адамды тек хан болғаны үшін ақымақ деудің жөні жоқ. Ал, түптеп келгенде, осы мақал астарында тек әлгіндей түзу шешімді билік иесін құрметтеу ғана байқалып қоймайды, сонымен қатар,

өзгеден иығы жоғары тұрған ханның өзінің де барлық пікірі өзінікі емес, халықтікі, төңірегінде жүргендікі екенін тұспалдап жеткізу бар. Осы жағынан келіп қарағанда бұл тіптен де ханды дәріптеу емес [6.8]. «Әділ билік – алтын таразы», «Өзіңді өзің билемей, ел билеуге құмартпа» дейді халық. Хандық билікті қанша уақыт болса да басынан кешірген халқымыз, сол елдің бас билеушісіне деген елдің көңіл-күйін екінші бір мақал «Хан сыртынан жұдырық» деген тұжырым арқылы берген. Бұның астары ілгері мақалдан терең, өйткені, еліме адал қызмет көрсетіп, барлығын тәртіппен ұстап жүрмін дейтін билеушіге бүкіл халықтың бір кісідей риза болуы немесе оны қолдамауы әуелден ақырға дейтін болатын жағдай. Тарихта хан сыртынан жұдырығын түйіп кіжінетін ғана емес, сол ханның басын шауып алатын жағдайлар да талай рет болған. Жай адам болсын, ханзада болсын, оның өзін қандай лауазыммен атағанына қарамастан,

халық хан деп атаған. Сөйтіп, «Ханның басын хан алар, қардың басын қар алар» деген тұжырым жасаған [6.8].

«Халық өзін-өзі билей алмайды, халықты тұлға, яғни басшы бастайды» деген қағида бар. Халық «қарақан басының қамы емес, халық қамын жейтін» басшыларды қастерлейді. 18 мың ғаламдық жүйеде басшысыз нәрсе болмайды. Содан да халық «Екі аққудың да бір басшысы бар» деген [7.917], немесе «Ақылды басшың болса, адаспассың», «Жер төбесіз болмайды, ел төресіз болмайды» деген. Төре – Шыңғыс ханның ұрпақтары, хан тұқымы. *Хан* сөзімен көбінесе *қараша* сөзі мақалдарда қатар жүреді: Хан – қазық, қараша – азық. Хан қасында қараша болса, қара жерде кемең жүреді; Ханды Құдай алайын десе, қарашасымен қас болар; Ханның ісі қарашаға түседі. Бұл мақал-мәтелдерге қарағанда қараша – хан қасындағы адам, яғни, қараша сөзі ханды сағалаған, соған қызмет еткен,

соған бағынышты, бірақ саяси-құқықтық және экономикалық жағынан басы азат қоғамдық топ уәкілі дегенді білдірген. Бұл – қараша сөзінің жалпы ұғымы, ал дәлірек анықтасақ, белгілі бір хандықтың, патшалықтың қол астындағы бағынышты кез келген адам қараша деп аталмаған. Ханға тікелей қызмет ететіндері қараша болған [8.84]. «Төлеңгіт, төреңді күт», «Төренің төлеңгіті, Байдың жалшысы қодаң» дегендегіде төлеңгіт – қолға түскен құл.

«Қожа, молда сабақтас», «Қожа, молданы басындағысынан білерсің, бек пен төрені қасындағысынан білерсің», «Қожаң берсе, қойныңа сал» дейтін мақалдарда қожа – дінді уағыздауға келген, жергілікті қазақ қыздарына үйленген арабтардың ұрпағы. «Төреге ерген – ер арқалайды, Қожаға ерген – тері арқалайды» мәтелі «әркім өзінің тірлік-тіршілігінде, өнер-кәсібінде өзі артынан еріп, қызметін істеп, тағылымын алып үйренген басшы, жетекші

ұстаздарының алдындағы кәсіби қызметін атқарып, қалауына лайықты көмегін көрсетуге міндетті» дегенді аңғартады. Мұнда да төреге ерген адам төренің шашбауын көтеріп, атқосшы, шабарман, не жолсерік – жора болып қызметінде жүріп (атын отқа қоюға, ерттеп беруге), аты табылмаса, ерін арқалап жүруге, не өз атын беріп, өзі жаяу жүруге, т.б. істерін атқаруға, ал қожаға ерген адам барған жерінде құдайыға сойылған малдың құран оқыған қожаға берілген тері-терсектерді арқалап, алып жүруге көмектесіп, үйіне апаруға міндетті болған қазақ қауымының жиырмамыншы ғасырға дейінгі күнделікті өміріндегі жағдаят мәтел бейнелілігінің негізіне алынды [9.107].

Бақауыл – көшпелі түркі-монғол мемлекеттеріндегі басқару жүйесінің ең саяси беделді ұйымдастырушы тұлға, әрі жоғарғы әскери лауазым. Хан сарайында рәсіммен дастарқан жайылып, ретімен табак

тартылуын бақылайтын, бұған қатысты салт-дәстүрді жақсы білетін жоғары дәрежелі сарай қызметшісі тағайындалып, оған бақауыл мансабы берілген. Сонымен бірге бақауыл атты әскери лауазым да болған. «Аз асқа бақауыл болғанша, көп асқа қарауыл бол» деген мақалда бақауыл қызметінің Қазақ хандығы кезінде де болғанын тұспалдайды [10.365].

«Айдауылдың алдына түспе, аламанның талауына түспе» деген мақалда айдауыл – қолға түскен тұтқынды немесе тұтқындағы адамдарды, қылмысты және сотталған адамдарды бір жерден екінші жерге айдап жүруші арнайы әскер, топ, қол. Қазақтың хандық дәуірінде хан маңайындағы арнаулы қолдың бір бөлігін айдауыл деп атаған [10.87]. «Жігіттің жақсысы ортамда сыналады, аттың жақсысы арбада сыналады»,- деген мақалдағы ортам абақтының бір түрі – зындан сияқты жерден терең етіп ор қазылып, жан-

жағы айналдырыла қоршалған (арнайы там тұрғызылғанға да ұқсайды). Қылмыскерлердің аяқ-қолын байлап, абақтының осы бір түрі ортамға салып қойған [10.37].

Егер айыпкердің қандай да болсын құн немесе айып төлеуге шамасы келмесе, оны бүкіл ру-қауым болып көтеруге тиіс болған. Мұны ағайыншылық институтына негізделген «У ішсең руыңмен» деп келетін мәтел – ұстанымның құқықтық қатынас саласындағы көрінісі деуге болады [10.61].

«Дауды шешен бітірмейді, би бітіреді», «Бас басына би болсаң, биік тауға сыймассың. Бір данаға жол берсең, қиянаттан күймессің» дейді халық. Билер батыр, бай сияқты басқа әлеуметтік жіктерге қарағанда халық арасында ерекше құрметтелген. «Батыр деген бір барак ит, екі қатынның бірі табатын. Би деген бір ақ шарағат, бүтін елдің біреуі ғана табатын» деген халық мақалы осы жайды аңғартады. Себебі билер қоғамды басқару ісінде айрықша



құқыққа ие болған, тіпті, ханның ішкі және сыртқы саясатына, әскери доктринасына тікелей ықпал етіп, өзгерістер енгізуге қатысқан. Кеңесте мәселелерді шешкен кезде «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген моральдық ұстанымды ұстанған. Бұл қағидат бойынша қара бастың, ағайын-туыс пен аталастың, рудың намысынан гөрі ел (ұлт) мұрасын, мүддесін қорғау жоғары тұрған. Жаугершілік заманда әскери қолбасшы, ұйымдастырушы рөл атқарған ірі билерді қабырғалы би деп атаса, ел қамын ұдайы алыстан болжап отыратын биді қайғылы қара би дейді. Содан: «Қабырғадан қар жауса – атан менен нарға күш, ел шетіне даумен қоса жау келсе – қабырғалы биге күш» деген сөз қалған екен [10.501].

Ел қорғаушы күшті, жүректі абзал адамдарды халық батыр деп атап келген. Батырларды халық қастерлейді. Батыр сөзі «батыл» сөзімен мағыналас келеді. Халық

ұрпағын батыр болып өсуге тәрбиелейді. Содан да «Өсетін ел баласын батыр дейді, өшетін ел баласын қатын дейді» деген сөз қалған [7.918].

Н.Ф.Катанов жинап бастырған қазақ мақал-мәтелдерінде «Асылсаң биікке, жығылсаң майданға» деген мәтел бар. Мұндағы майдан сөзі «ұрыс даласы» дегенді емес, «алаң» дегенді білдіреді. Майдан сөзінің осы күнгі әдеби тілімізде норма емес, «көгал, көгорай, шалғынды жер», «алаң» деген мағыналары болған [8.94].

«Мен салар да сен салар, атқа жемді кім салар» деген мәтелдегі алдыңғы салар сөздері жеке тұрғанда түсінікті тәрізді: сал деген етістіктің есімше тұлғасы сияқты көрінеді, ал шындығында салар – парсы тілінде «басшы, көсем, бастық» дегенді білдіреді [8.4]. Қазақ мәтелі «Мен де бастықпын, сен де бастықсың, атқа жем салып (немесе тоқым салып) қызмет ететін кім болмақшы» деген мәнді білдіреді.

Қазақта бір істің созылып, сөз бұйдаға салынғанын «балтам тап ойнағандай» немесе «сен салар да мен салар, атқа шөпті кім салар» болды ғой дейтін тәмсіл бар. Бұл осы «Балтам тап» ойыннан туындаған тәмсіл болса керек [6.258].

«Ел ағасы іріткелі болса, елін жау шабар» [11.40]. Ертеректегі қазақ қауымында аға сөзі басшыға, оның ішінде әскери басшыға айтылатын дәреже мағынасын бергенге ұқсайды [8.12]. Аға сөзінің бір кездегі «бас, басшы» деген ауыспалы мағынасы ертеректе қалыптасқан ел ағасы, от ағасы деген тіркестердің бар екендігімен дәлелдене түседі.

XV-XVI ғасырда аға сөзінің осы күнгідей «бірге туғанның немесе туысқанның ішінде, еркек кіндіктің жасы үлкені» деген мағынасы әрине болған. Бертін келе XVIII-XIX ғасырда аға сөзінің «қолбасшы, әскери басшы» мағынасы ұмыт болып, ол ауыспалы мәнде қолданылғанда «жасы үлкен, сыйлы, құрметті

адам» деген ұғымды білдіре бастаған [8.13].

«Алдияр, алдияр десе далияр» [11.40]. Алдияр – «мәртебесі биік, мәртебесі ұлы» дегенді білдірген. Бұл эпитет хан, бек, сұлтан сияқты билеушілерге ғана айтылғаны мәлім [8.33].

«Барымта алған мал емес, қуып алған құн емес» [11.368], «Барымтаға қарымта» [11.117]. Барымта – о баста құр тартып алу, талау емес, өзіне билікпен кесілген айып, құн сияқтылардың тиісті екендігін дәлелдеудің әрекеті. Ертеректе тек мал мүлік емес, адамдар да барымтаға ілігетін болған [8.45]. Малынан айрылған ел қайтадан өз малын немесе соған шамалас малды күшпен қайтарып алса, қарымта аталады. Екі жақтың дауы бітер кезде барымта мен қарымтаның малы есепке алынады да, есепке алынбағаны сырымта болып сіңіп қала береді. «Білсе барымта, білмесе сырымта» деген мақал соған байланысты қалыптасқан [10.411].

«Жер шежіресі – ел шежіресі», «Елдің ерлігі ерінен танылар, елдің байлығы жерінен танылар», «Елің – панан, жерің – анан» дейді қазақ. Көшпелілердің жер туралы түсінігі өте іргелі және мығым. Қазақ дүниетанымында жер пайда табу көзі емес, асырап-сақтаушы ана есепті. Осы себептен әр рудың өз жайылымдарына иелік етуі жиі кездескенімен шекаралық меншікті көре алмаймыз. Жерге меншік «ата мекен» ұғымы тұрғысынан, тарихи қалыптасады [3.35]. Жер-үлкен байлық, ең қимас байлық. Сол үшін ешкім өзінің жерінен басқа біреуге себепсіз ұлтарактай жер беріп, бір уыс топырақ ұсынбайды. Содан да «Қазақта жер дауы бітпейді» дейтін тәмсіл бар. Сондай-ақ «Елге дұшпан жерге сыймас, жерге дұшпан елге сыймас», «Ел даусыз болмас, жер жаусыз болмас» дегені де бар [7.6].

Мақал-мәтелдерде бұлу сөзі сақталған: Бұлген елден бұлдіргі алма; Озбыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен бүледі. Кейбір

кітапта «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деп жазылып жүр. Шындығында бұлу сөзі бүліну сөзінің көне нұсқасы. Оның «тозу, ыдырау, ойрандалу» мәнінен басқа «әбігерленді, толқыды» деген мағынасы да болған [8.48].

Демек, қазақтың қоғамдық тұрмысына катысты мәліметтердің төл мақал-мәтелдерімізде көрініс табуы заңдылық. Мақал-мәтелдердің мағыналық астарында дәстүрлі этнографиялық ұғымдар жатыр, сондықтан мақал-мәтелдерді этнографиялық ұғымдардың дерегі ретінде де пайдаланудың өзектілік маңызы жоғары.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.19. -Алматы: «Жазушы», 1985.
2. Жәрдем К. Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы. –Алматы, 2015.
3. Артықбаев Ж.О. XVIII ғ-дағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы.Тарих ғ.д.Автореф. –Алматы, 1997.

4. Қазақтың мақал-мәтелдері (кұраст. Садырбайұлы С.). –Алматы: «Қазақ университеті», 2012.

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Дайк-пресс», 2008.

6. Қазақтың мақал-мәтелдері (кұраст.: Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева, Т.Әлібеков, С.Қосанов, С.Сәкенов). –Алматы: «ҚМҒАҒЗИ», 2001.

7. Бикұмар Қ. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Улаанбаатар, 2013.

8. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан).-Алматы: «Мектеп», 1980.

9. Коканова Ж.А. Қазақ тіліндегі төрт түліктің түк және тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны. Филол.ғ.к.дисс.-Алматы, 2010.

10. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. II том.Е-И. –Алматы, 2012.

11. Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақал-мәтелі. –Алматы: «Өлке», 2002.

М.ТЕМІРЖАНОВА,  
№25 ЖОМ.  
Павлодар қаласы

## **МҰҒАЛІМНІҢ ЗАМАНАУИ САБАҚ ҚҰРЫЛЫМЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» керек екендігі атап көрсетілген.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тілін, тарихын, салт-дәстүрін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Аталмыш тұлғаны оқытып, тәрбиелеу



үшін ұстаздар қауымына сындарлы оқу мен оқыту жүйесін меңгертуге ат салысып жатқан деңгейлік курстардың орны ерекше. Әрине, білім беру саласын дамытуға осындай курстар ауадай қажет. Алайда, біз осы курстар төңірегінде шектеліп қалмағанымыз да жөн. Әр ұстаз алған бағытын түрлендіріп, ұлттық оқу мен оқыту үрдісін дамытуға үлес қосса деген ой да мазалайды. Ұлттық оқыту әдістемесі де кең етек жайып, әлемдік деңгейде мойындалса нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Алла әмірімен түскен Құран кәрімнің Хұжрат сүресінде: «Бір-біріңді танып, ажырата білулерің үшін сендерді әр түрлі ұлтқа, тайпа-тайпаға бөлдік» деп жазылған. "Құран Кәрімдегі аятты және тіл төңірегіндегі сан-салалы, құпиялы, тарихи толғамдарды ой елегінен өткізген адамның мынадай қорытындыға келері хақ: тілдердің

әрқилылығы, түріміздің, дініміздің басқа-басқа болуы, Құдай санасымен, қолымен құрастырылып, әдейі жасалған рухани-физиологиялық байлық" - деген әр ұлттың дамуы, тілінің қанаттануы, салт-санасының, руханияттарының сақталуы турасындағы парасат биігінен айтылған баға үлкен жетекшілік қызмет атқарары сөзсіз. Ұлт болып қалу мүмкіндігі ұлт өкілдері өздерін ерекшелейтін рухани құндылықтарын жоғалтып алмағанға дейін ұласады. Бүкіл жер шарындағы 6,5 млрд. адамның қай-қайсысы да белгілі бір ұлт өкіліне жатады. Қай ұлтты алып қарасаңыз да дәстүрге негізделген тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, соның ыңғайындағы тарихы, мәдениеті, өркениеті бар.

Көне грек философиясында адам белгілі бір ұлтқа жатуын сезіну үшін бес түрлі шартқа сай болуы тиіс делінеді:

1-ұлтының тілін жақсы білуі қажет;

- 2-ұлтының дінін меңгергені жөн;
- 3-ұлтының дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс;
- 4-ұлтының тарихын түгендей алуы абзал;
- 5-ұлты мекендеген жердің ой-шұңқырын жақсы білуі парыз.

Осы сипаттар түгел бойынан табылған адам ғана сол ұлттың толық өкілімін, ұрпағымын деуге құқылы. Бұл заңды әрбір грек бұлжытпай орындап қана қоймай, ұрпағына насихаттаған [5]. Біздің ел де осындай заңдылыққа бағынып қолдаса, ұлттық мәселелер шешімін табар еді. Демек, ұлтымыздың болашағы, бүгінгі шәкірттерімізге тәуелді. Оларды ұлттық құндылыққа қанықтырып өсіру, бүгінгі ұстаз еншісінде. Сондықтан да жастардың санасын, жанын, тәнін ұлттандыруға күллі ұстаздар қауымы ат салысуға тиіс. Әрбір ұстаз өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық құндылықтарымызбен ұштастыра білуге

міндетті деп есептеймін.

Заманауи сабақтарды ұлттық құндылықтармен құнарландыру мәселесі мені айналып өтпеді. Осы мәселе мені тіл маманы болғандықтан ғана толғандырмайды, ол ата-бабамыздың асқақ арманы болған тәуелсіздігіміздің алдындағы борышым деп есептеймін.

Сондықтан да мен тәжірибеде ұлттық құндылықтарды қолданудың тиімді жолдарын қарастыра бастадым. Алғаш қадамым – ұлттық ойындарды сабақта қолданудан басталды. Ұлттық ойындардың шартын сабақ кезеңдерінде тақырыпты меңгертудің әдіс-тәсілдері ретінде қолдандым. «Ойын - негізгі тәжірибе мен терең ойлаудың көпірі» - деп педагог С.Пинжи айтқандай, ойын - ақпарат алмастыру құралы, өмірлік мәселелерді жеңе білуге үйретеді. Баланың өмірдегі түсінігі, еліктеуі, бақылауы осы ойын

үстінде көрініс табады. Мәселен, Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін өткен кезде «Бүркітші» ойынын балалардың қызығушылығын арттыру үшін әрі саятшылық өнерді насихаттауға тиімді қолдануға болады. Ол үшін (Активстудия арқылы) түрлі аңдарды таңдап, олардың артына сұрақ-тапсырмалар жасырылады. Әр топ таңдаған аңды қанжығасына байлау үшін сұраққа дұрыс жауап беруі керек. Тапсырманы мүдірмей орындаған топ олжалы болады. Тест жұмысын «Жамбы ату» ойынымен алмастыруға болады. Мәселен, әр топтың басшыларын ортаға шақырып, (жұппен, топпен де болады) берілген сұрақтың бірнеше жауаптарын топтап тақтаға ілеміз. Топ басшысының қолына садақ (қалам) тәрізді затты береміз. Оқушы дұрыс жауапты таңдап, қолындағы садағымен бағыттап көрсетеді. Жеңімпаз «Білім мергені» атанады. Сұрақ-жауап

(Сұрақ шеңбері) әдісін «Сақина салу» немесе «Теңге алу» ойындарымен алмастырамын. Оқушылар үй жұмысын тексеру үшін, сабақты қорытындылағанда стикерлерге сұрақтар жазады. Ортаға бір оқушы шығып (қалғандары дөңгеленіп отырады), оқушылардың бірінің қолына сұрақ жазылған қағазды береді. Сол оқушы сұрақты дауыстап оқиды, қалғандары жауап береді. Кім бірінші дұрыс жауап берсе, сол ойынды жалғастырады. Аталмыш әдісті «Айгөлек» ойынымен өрнектеуге болады. Ол үшін сыныпты екі топқа бөліп, топ таңдаған оқушыға тапсырма беріледі. Егер таңдаған оқушы сұраққа дұрыс жауап берсе, өз тобына ұпай әкеледі. Сабағымызда қолданатын «Сөздер банкі» немесе «Ішкі-сыртқы» стратегияларды «Тасымақ» ойынымен үйлестіруге болады. Мәселен, қазақ тілі сабағында белгілі тақырыпқа сай сөздерді, тіркестерді топтастыру үшін қолдануға

болады.

Әдебиет пәнінен әңгіме-ертегі, мақал-мәтел, жұмбақты өткенде «Асаукөк» ойынын ойнатамын. Ойын шарты бойынша оқушылар шеңбер бойымен отырады. Бір оқушы тақырып бойынша оқиғаны мазмұндай бастайды, мұғалім оны тоқтатқанда екінші оқушы әңгімені жалғастырып баяндауы керек. Әңгіме мазмұнын жалғастыра алмаған оқушыға ойын аяқталған соң сұрақтар қойылады. «Жұмбақ жасыру» ойынын кейіпкердің бейнесін ашу барысында қолданамын. Сыныпты бірнеше топқа бөліп, шығармаға сәйкес кейіпкерлер есімі жазылған қима қағаздар таратамын. Әр топ сол кейіпкердің портретін, іс-әрекетін жұмбақтайды. Қалған топ жұмбақталған кейіпкердің есімін атап, оған тән қасиеттерді анықтайды. Сабақ кезеңдеріне ұлттық ойындарды енгізу барысында ойын тәсілінің негізгі ұстанымдарын ескеру керек. Әрине,

ойынды кез келген мұғалім ұтымды қолдана алады. Бұл - бұрыннан қолданып келе жатқан оқыту әдісі десем қателеспеспін. Дегенмен, ұлттық ойындардың атауын өзгертпей, сол қалпында қолданса (менің ойымша, шартын сабақпен үйлестіруге болады), ұмыт қалғандарын жаңғыртса оқушының ұлттық ойындар жөнінде дүниетанымы кеңейе түсетіні хақ.

Ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпас үшін біз ұлттық сана, ұлттық сезім, ана тіл, ұлттық болмыс-бітімді оқытатын әдіс-тәсілдер қорын жинағанымыз жөн. Ол үшін сабақта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруды ұлттық психологиядан бастағанымыз жөн. Себебі адам санасының ұлттығымызды өсіре де өшіре де алатын қасиеті бар. Сабақ барысында қолданатын тренингтер мен ойындарды, сергіту сәттерін ұлттық психологиямен ұштастырамын.



Мәселен, әдебиет сабағында Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасын өткен кезде балаға ат қою дәстүріне сүйеніп, өз есімдерінің мағынасын ашқызып, сөздің шығу тегіне ерекше назар аудартамын. Осы дәстүрді қолдану барысында оқушы есімі жайында мағлұмат берумен қатар салт-дәстүр жайында түсінігі қалыптасады. Адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын ақын-жазушылардың шығармаларын өткенде «Ұлттық мінез» атты тренинг өткіземін. Шарты: тақтаға қазақ халқына тән мінез-құлықтар, қасиеттер тізбектеліп жазылады (қызуқандылық, бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлылық, т.б.). Оқушы өз бойынан табылатын ерекше қасиеттерді таңдап алып, «Жүрек кардиограммасы» (стратегия) арқылы өзіне мінездеме береді. Патриоттық тақырыптағы шығармаларды өткенде «Ұлттық сезім» атты тренинг өткіземін. Үстелге түрлі

сурет қиындыларын тастап (Ту, Ата Заң, қазақ жері, т.б.), бір-бірден таңдауларын сұраймын. Таңдаған суреттерін бір көргенде қандай сезім ұялайтынын сипаттап айтуларын сұраймын. «Ұлттық болмыс-бітім» атты тренинг жүргізу барысында, оқушы болмысын іс-әрекетінен бақылаймын. Нұсқау: оқушыларға аяқталмаған сөйлемдер жазылған қима қағаздар таратылады, олар сөйлемді аяқтауы тиіс.

*Менің алдымнан үлкен қария шыға келсе,  
онда мен ...*

*Жылап тұрған кішкене баланы көргенде,  
мен ...*

Сол сияқты сабақтарымда қимылға негізделген сергіту сәттерін өткіземін. Мәселен, «Кім шапшаң?» ойыны арқылы ұлттық өлшемдерді қимылмен жылдам көрсетулерін сұраймын. (елі, қаршы, қадам, уыс, адым, т.б. ).

СТО модулінің стратегияларын қолданғанда ұлттық сана-сезімді оятатын қазақ тіліндегі бейнероликтерді, «Ән-күй терапиясын» жиі пайдаланамын. Аталмыш модульдің стратегияларын ұлттық ой-санамызбен ұштастыруға тырысып, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп, қазақ тіл білімін қалыптастырушы Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы олардың сөйлеу мәдениетіне ерекше назар аударуға ерекше мән беремін.

Кез келген сабақ тақырыбын ашу үшін қолданатын «Ой шақыру» стратегиясына ұлттық рең беруге тырысамын. Ол үшін тақырыпқа сай қазақ ақын-жазушыларының құнды пікірлерін таңдап, «құнды пікір – сыни ой» атты ойталқы өткіземін. Кейде ұлттық көрініс беретін заттардың суреттерін таратып, белгілі бір тақырыпты байланыстыра отырып

постер құрғызамын.

Белгілі ақын-жазушының шығармасына ұлттық құндылықты анықтайтын тапсырмалар мен кестелер беремін. Мысалы, «Шығармадағы ұлттық өрнек» кестесі (Шығарманың тілдік қоры (мақал-мәтел, тұрақты тіркес, көнерген сөздер, тыйым сөздер, т.б.); Ұлттық ұғымдар; Ұлттық қасиеттер: )

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында би-шешендердің сөз үлгісімен сұрақтар таратамын. Мысалы, Дүниеде не өлмейді? Дүниеде не жетім? Дүниеде не ғаріп? Не қымбат? Не арзан? Кім мінсіз? т.б. Аталмыш сұрақтарға оқушылар сыни көзқарасын өз заманымен салыстыра сипаттауы керек. Сол сияқты оқушының ойын өлеңмен өрнектеу үшін сабақ соңында, қорытындылау кезеңінде «Ұйқасын тап», «Ой түйінде», «Сөз тапқанға қолқа жоқ» атты шығармашылық сәттерді

ұйымдастырамын. Мысалы: Ұйқасын тап:  
Зат есімді білейік..., Топтап оны көрейік ...,  
Сұрақтарын тізбектеп... Ой түйінде: Қорыта  
айтқанда, ... Тоқсан ауыз сөздің тобықтай  
түйіні, ... Менің ойымша,... Менің айтпағым,  
... Менің түйгенім, «Сөз тапқанға қолқа  
жоқ»: Оқушыларға тақырыпқа сәйкес және  
сәйкес келмейтін сөздер таратылады. Мақсат,  
сәйкес емес сөзді тақырыпқа үйлестіріп пікір  
айту. Мысалы, қос сөздерді өткенде «айна»  
сөзін байланыстыру керек. Қос сөздер айна  
сияқты (бейнесін) қайталанып жазылады.  
Ы.Алтынсариннің мысал өлеңдерін өткен  
кезде «таразы» сөзін байланыстыр дегенде бір  
оқушы: «Таразы затты өлшесе, адам белгілі  
бір шешім қабылдау үшін ойы мен жүрегі  
таразы іспеттес келеді...» деп тың ойлар  
айтып таңқалдыратын сәттер туындататыны  
тәжірибе барысында дәлелденуде.

Сынып оқушыларын топқа бөлу үшін

де ұлттық ұғымдарды қолдануға болады. Мәселен, тақырыпқа сәйкес немесе ұлттық салт-дәстүрлер жөнінде оқушының білім-біліктілігін арттыру мақсатында ұлттық туыс атаулары, ойындары, аспаптары, киімдері жазылған қағаз қиықтарын топтастыру барысында да топқа бөлуге болады. Немесе мән-дес, түбірлес сөздерді, мағыналас тұрақты тіркестерді жинақтау негізінде, т.б. тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Оқушыларды дәстүрлі бағалаумен жалықтырып алмас үшін, бағалау өлшемдері мен бағалау тәсілін өзгертіп отырамын. Мысалы, өлшемдерді бағандарға бөліп, асықты ұяшықтарға қойғыза бағалау, «Бағалау қоржындарына» сабақта (5, 4, 3, 2) бағалайтын оқушының есімін стикерге жазып, тиісті қоржынға салады немесе «Бағалау қалташасында» көрсетілген өлшемдерге

сәйкес өзін және өзгені бағалайды.

Қорыта айтқанда, оқу мен тәрбие үрдісіне ұлттық құндылықтарды енгізу – ұлт болашағы. Ұлттың болашағы, өткеннен, тарихтан басталатыны айдан анық.

Ұлттық оқу мен тәрбие үрдісінің басты мақсаты – ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық болып табылатын құндылықтардың үйлесімді дамып, көркейіп, жалпыадамзаттың бүгіні мен келешегіне қызмет ету. Олай болса, қоғамдық өмірде оқу-тәрбие мәселесін алдыңғы орынға қою – басты міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айдаров Р. Дәуір және дәстүр. - Алматы. Қазақстан. 1974.
2. Бурбаев Т. Ұлт мәдениеті. Астана: Елорда, 2001. – 248 б.
3. Жұмабаев Ж. «Педагогика».1991.
4. Иманқұлова Ж. «Жалын» журналы, Ұлттық құндылықтар ұлағаты.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

**Р.ЖҮНДІБАЕВА,  
Шәкәрім атындағы  
үш тілде оқытатын  
көпбейінді гимназия.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Семей қаласы**

## **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖОЛЫНДА ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛАР ОРЫНЫ**

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Оның ең маңызды белгілері- оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жалпы қоғамның, жеке тұлғаның өзіндік орыны қандай? Жеке тұлғадан бүкіл әлем құрылады. Гуманизм, табиғат пен үйлесімділік, халықтық, еңбекке тәрбиелеу, сезімталдық, бала тұлғасына ілтипатпен құрмет- бұлар ұрпақ тәрбиелеудің халықтың жетекші бастаулары жүйесін құрайды. Үлкеннің кішігесілтер жолының дұрыс болуын



халқымыз әркез қадағалап, жеткіншектің саналы азамат болып өсуіне ерекше көңіл бөлген. Осы тұрғыдан алған кезде индивидтің өзіндік менін дұрыс қалыптастыру жолында халық ауыз әдебиетінің алатын орыны бөлек. Енді оларға санамалап тоқтала кетсек:

Тұрмыс-салт жырларының бірі болып саналатын «Бесік жыры»-бөбектің дүниетанынысын сезінуге мүмкіндік жасайды. Әдемі әуенді естіп, жайбарақаттылыққа бой алдырады.

Ал, жаңылтпаштар баланың дүниетанымын дамыту мақсатында ойлап табылған десе де болады. Кішкене баланың тілі шығып, кейбір дыбыстарды айта алмай қиналғанда, жаңылтпаш жаттаған баланың тілі, жаңылтпаш білмейтін құрбысына қарағанда әлдеқайда жатық болады. Ал, қазақ фольклорында өтірік өлеңдер, өтірік әңгімелер арқылы ондағы юмор мен сатираның құрылымын санасына сіңіре отырып, келеңсіз жағдайларға қарсы

тұруға бейімделеді. Қазақ ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдер мен әңгімелердің жинақталуы XIX ғасырдан басталып, одан кейінгі кезеңде де жалғасын тауып отырған. Халық ауыз әдебиетінің басқа да түрлері тәрізді өтірік өлеңдер мен әңгімелер ел арасында кеңінен таралып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткендігі аян. Қазақ фольклорында өтірік өлеңдер мен өтірік әңгімелердің молынан ұшырасуының өзіндік заңдылығы бар екендігі талассыз. Ғасырлар бойы сахараны ен жайлап, еркін көшкен қазақ халқының өмірі ойын-сауық, той-думансыз өтпегендігін ғалымдарымыз байыпты бағалаған. Бізге белгілі өтірік өлеңдердің айтары да сол өткен өмірдің тамаша белгілері мен сәулелі іздері екен. Мұнда көшпелі өмірдегі қол жеткізген табыстардан бастап, өмір-тіршіліктегі болып жатқан істердің бәрі де шындыққа қарама-қарсы шеберлікпен беріліп отырған.

Ал сөз мәйегі бола білген мақал-мәтелдерді

ата-анасы жеткіншекке неғұрлым көбірек білгізсе, оның ел ертеңін ойлайтын, санасы кең, ойы бай адам болып қалыптасатыны сөзсіз. Бірақ, тек құрғақ жаттай беру емес, әрбір сөздің астарына үңілуді үйретер болса, адам деген ардақты атты абыроймен алып жүруге қосатын үлкен бір үлес болар еді. Мақал-мәтелді әуел баста жеке адамдар шығарған, біреуден-біреу жаттап, ауызекі айта жүріп өзгеріп, жалпы халықтық мұраға айналған, яғни, өмірден көрген-білгендерінен жасаған ақыл-ой қорытындысы екені мәлім. Оны айтылған сөзді көркейту үшін емес, көркем шығармаларда көп қолданған. Ақын-жазушылар ғана өз шығармашылығында қолданып қоймайды, әрбір мәдениетті, сауатты адам өмір қайығында заманына қарай оны өңдейді, өз жанынан шығарады.

Мысалы, оқу-білім жайында: «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» десе, оны «Жыланның күші – тілінде, ғалымның күші – білімде» деген теңеулермен салыстыра қолданады. Мақал-мәтелдер – халық ауыз

әдебиетінде ерте заманнан бері келе жатқан, көркем жиынтық. Мақал-мәтелдердің тәрбие құралы ретіндегі ғылыми-тәжірибелік маңызы зор. Өйткені, олар-халықтың адамгершілік заңдарының жиынтығы. Мақалдарда өмір этикасының негізгі философиялық қорытындылары жинақталған.

Нақты бір зат туралы тұспалдап, ұқсатып, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімділік ұғымдары мен түсініктерді ой елегінен өткізіп, тұжырымдар жасауда халық жұмбақтарды ойлап тапқан. Жұмбақ деген атына қарағанда жұмудан шыққан сияқты. Мысалы, аспан әлемін жұмбақтағанда ол бір көз жетпейтін дария, көк шатыр, кең сарай бейнесінде суреттеледі.

«Асылды сынығынан таниды» дейді дана халқымыз. Ғасырлар өтіп, жылдар жылжыса да, өз мағынасының мәнін жоғалтпаған фольклорымыздан алар өнегеміз өте көп.

**М.МҰҚАШЕВА,**  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті.

## **ШЫҒАРМА ЖАЗУҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ**

Бүгінгі заманымыздың тілек-талабы білім мазмұнын түбегейлі жаңартумен бірге, оны өмір мұқтажына орай дамытып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданудың мүмкіндіктерін арттыруды күн тәртібіне қойып отыр. Ондай мәні мен маңызы зор өзекті мәселелердің бірі – оқушы тілін дамыту үдерісі. Оқыту үдерісі нәтижелі болу үшін оқушыларға ана тіліміздің қыр-сырын ауызша сөйлеу тілінде де, сол сияқты жазу мәдениетінде де ерекше ұғындыруымыз қажет. Ғалымдар мен әдіскерлердің жазба жұмыстарға мән беріп, оның тәрбиелік және білім берудегі рөліне айрықша назар аударғандары байқалады. Ана тілін үйрену, сондай-ақ басқа пәндерді де игеру барысындағы барлық жетістіктер мен кемшіліктер баланың қалай сауаттануына байланысты болып келеді. Қалай болғанда да, жазба жұмыстары

орындалатын сабақтардың табысты болуы көбінесе мұғалімдердің оқыту әдістемесімен айқындалады. Оқытушы оқушылардың шығармашылық дамуын қамтамасыз ететіндей алдына нақты айқын мақсаттар қоя білуі керек, қандай дағдылардың қалыптасуына жету керектігін алдын-ала болжайды. Ондай дағдылар, әдетте, төмендегідей:

- өз ойын, пікірін сауатты әрі көркем жеткізе білу;

- байқампаздығын дамыту;

- құбылыстарды шынайы бағалай білу;

- ой-өрісін, ұғымын кеңейту;

- ізденгіштікке ұмтылуын жетілдіру;

- «өз сөзін» айта білу мүмкіндігін қалыптастыру;

- толық фантазиялық еркіндігін қамтамасыз ету;

- орфографиялық сауаттылықты нығайту.

Жазу жұмыстарының нәтижелілігінің маңызды шарттарының бірі – оқушылардың жазба жұмыстарына дайындалуы мен орындауының дұрыс ұйымдастырылуы. Жазба жұмыстарының әсіресе көлемді түрлерін (мазмұндама, шығарма) жазуда оған дайындалу

және жазу орындарына қарай мынадай түрлерге бөлуге болады:

а) сыныпта; ә) үйде; б) сыныпта-үйде; в) үйде-сыныпта.

Бақылаулар жүйесі шығарма жазуға дайындықтың алғашқы, яғни материал жинау кезеңі болмақ. Бұндай нақты жоспар оқушыларды белгілі мақсатқа жеткізіп, оларды әр нәрсеге тереңірек үңіліп, зейінмен қарауға үйретеді, шәкірт бойында өзіндік бақылаушылық іс-әрекеттің қалыптасуына жол салады.

Шығармаға материал жинаудың мазмұны төмендегідей іс-әрекетті қамтиды:

-шығарма тақырыбын ашатын, негізгі ойды қамтитын материалды: сөз, сөз тіркесі, ой қорытындысы, мақал-мәтел, афоризмдерді, өлең шумақтарын жинастыру;

-әдеби, сыни монографиялық кітаптардан керекті үзінді, пікірлерді қамту;

-бақылаған нәрсе туралы өзіндік пікір, қорытынды ой іріктеу;

-оқылуға тиісті кітаптар тізімін ұсыну;

-мұғалім тарапынан берілген сұрақ-тапсырмалар жүйесін орындау;

-кездесу ұйымдастырылып, қонақтардан сұхбат алу, осылардың негізінде шығармаға материал дайындау;

- мұғалім мен сынып оқушыларының шығарма тақырыптары тұрғысындағы ой талқысын жүргізу;

- оқушылардың өзіндік жұмысты орындауы;

- оқушыларға таңдау үшін күнілгері бірнеше шығарма тақырыптарының ұсынылуы;

- оқушыларға шығарма тақырыбы бойынша көркем мәтінмен жұмыс жасау, жоспар, эпиграф жазып келуді тапсыру.

Осындай жұмыстардан кейін шығарма тақырыбы ашылмаса, көркем туындының негізгі жерлері сыныпта қайта оқылады не бұрын аталмыш тақырыпта жұмыс жазған оқушылардың үлгілі жазба жұмыстары оқып-тыңдауға ұсынылады. Оқушылармен жүргізілген осы сипаттағы дайындық кезеңі, сөз жоқ, өзінің тиімді нәтижесін көрсетіп шығады.

Шығарма жазуға дайындық жасау барысындағы жауапты жұмыстардың бірі алынған тақырыпқа сәйкес қосымша материалдар жинақтау болып табылады. Бұл - оқушының шығарма тақырыбына сәйкес



білімін толықтырып, логикалық ойлау жүйесін дамытуға жол ашады.

Психолог А.Н.Луктың: "Материалды жинау, біріктіріп жүйелеу-жинақталған білімді логикалық жағынан салыстыру, топтастыру, қорыту, бұл-белсенді ой үдерісі" деген пікірі біздің ойымызды дәлелдей түседі. [2, 49].

Шығарма жұмысын жазар алдындағы материал жинақтау мен іріктеу шығармашылық бағыттағы күрделі жұмысқа жатады. Материал жүйелеу жиналған мәтін ішінен шығарма тақырыбын ашуға көмектесетін және негізгі ойды дәлелдей алатын қажеттіні іріктеу болып табылады.

Материалды топтау жұмысында шығарма тиімді жазылу үшін оқушыларға төмендегідей тапсырмаларды жүктеуге болады:

- материалды айтылмақ ойдың жоспарына сай топтау;
- бақылау мазмұны бойынша материалды қайта топтау;
- материалды қайта топтауда жіберілген кемшілікті түзету;
- жиналған материалды болашақ шығарманың үш бөліміне ыңғайлап қайта ұсыну әрекеті

жүргізіледі.

Материалды жинақтап іріктегенде, оқушының мәтінді көркемдік ерекшелігі жағынан толық, жан-жақты талдай білуі, мәтіндегі кейбір авторлық нақты дәлелдемелерді жүйелей көрсетуі үнемі ескеріліп отырылуы керек, демек, бұл жерде материалды дұрыс іріктей білу үдерісі іске асырылады. Оқушы өзіндік пікірін дәйексөзбен дәлелдеп, қорытып жатса, шығарма сапасы арта түсер еді, сондықтан материал жинақтау жұмысының мазмұнына кейде дәйексөзді іріктеуді де жатқызуға болады. Оқушылар дәйексөзді негізінен өз ойын бекіту кезеңінде, зерттеуші ғалымдарды, ақын-жазушылардың пікірін оқырмандарға тақырыпқа сай таныстыруда қолдануы керек. Бұл арада бір ескертетін жай - оқушы шығармасында міндетті түрде дәйексөз болуы шарт емес. Оның ретіне қарай тақырыпты жан-жақты ашу барысында көрініс бергені жөн.

Дайындық кезеңіндегі үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыстың бірі — шығарма тақырыбын таңдау. Оқушының таңдаған тақырыбы материалды жетік білетіндігімен, көңілге жақындығымен, жазуға мүмкін

болатындығымен ерекшеленуі керек. Тақырып таңдау - бар жұмыстың кіріспесі, шығарманың қалай басталып, қалай аяқталуы да осыған байланысты іске асады. Егер шығарма тақырыбы дұрыс таңдалмаса, сапалы шығарма жазылмақ емес.

Шығарма жазуға дайындық кезеңінде болашақ жұмыстың мазмұнын - өзінің және автордың айтпақ ойын - анықтап алып, шығармаға материал жинау, оны іріктеп, керектісін оқумен шұғылдану қажет, содан соң жоспар құруға кіріскеніміз жөн. Жоспар жазып отырғанда, әр бөлімнің тұсына шығармаға кірістірер ойымызды, қажетті материал алынған кітаптың бетін, өлеңнің атын, авторын жазып қою керек, осы жұмыспен айналысып отырғанда, шығарма тақырыбы мен мазмұнын жиі-жиі еске алуымыз қажет.

Жоспар құру - шығарма жазудың негізгі бөлігі, себебі жоспар оқушы ойының жүрісін бақылап, ойды тәртіпті, жүйелі беруді ұйымдастырады, өзекті мәселелерді анықтауға көмектесіп, іріктелген материал мен мазмұнның сабақтастығын нығайтады.

Жоспардың бар элементі тақырыпты ашуға

қызмет жасауы тиіс, жоспар тақырыпқа билік жүргізеді. Материалды жақсы білетін оқушы қысқа да нұсқа, жүйелі жоспар құра алады, ал ойлы жазылған жоспар материалды жетік меңгерген иесінің қолтаңбасын танытады.

Жоспар - өзінің құрылымы бар, көлемі анықталған, оқушыны шығарма жазуда ойлануға бағыттайтын, тақырыптың дамуын қалыптастырып, кейде үлкен тақырыпты шағын тақырыпшаға бөлшектейтін, ойды біріктіріп тұратын жүйе.

Жоспардың логикалық үш бөліктен: Кіріспе, Негізгі, Қорытынды бөлімнен тұратыны көпшілікке мәлім, бірақ мектеп тәжірибесіндегі үлкен олқылық ретінде мұғалімдердің де, оқушылардың да осы үш бөлімнің нақты қызметіне, роліне көңіл бөлмеуін айтар едік.

Кіріспе бөлім — шығарманың орталық мәселені ашудың басқышы, бұнда оқушы кейде алға қойылған мәселелердің тарихи жағдайы мен байланысын көрсетсе, кейде жазушының ойын, көзқарасын не ол туралы өзгенің пікірін аңғартады. Бірақ бұл бөлім бүкіл жұмыстың мазмұнымен байланыста жазылады, кейбір сәтте кіріспені оқушыны келесі бөлімге

психологиялық жағынан дайындап өткізудің көпірі деп санауға болады. Бұл бөлімде тақырыпты таңдау, оқушының, автордың мақсаты, пікірі жинақталады.

Негізгі бөлім тезис пен аргументтердің жүйесі, логикалық талдаудың өзі, ой қорытындысының тізбегі болып есептеледі. Бұл бөлімде шығарманың негізгі мазмұны, тақырыбы ашылуы керек, көлемі жағынан да өзге бөлімдерден қомақты болады.

Қорытынды бөлімде айтылған ой жинақталып, қорытындыланады. Бұл бөлімде жұмыс аяқталып, сонымен бірге мазмұны алдыңғы жазылғандармен байланыста болуы қажет. Оқушы ойдың аяқталғандығын қорытынды бөлімнен бірден түсінуі керек.

Оқушы мен пән мұғалімінің есте сақтауы тиіс мәселе ретінде

төмендегідей нұсқауды ұсынамыз:

- шығарманың 3 бөлімі тұтас бір бөлікті құрайды, үшеуі бірігіп, шығарманың мақсаты мен мазмұнын көрсетеді, дегенмен де оқушылар бөлімдер арасындағы "көпірді" анық байқауы керек.

- әр бөлімнің өзіне тән мөлшері, көлемі

болады. Кіріспе мен қорытынды бөлім біріккенде, бүкіл жұмыстың 1/4 бөлігін ғана қамтуы қажет.

Шығарма жоспарын құрудағы жіберілген кемшіліктердің түрлері:

- тақырып мазмұнын түсінбеу салдарынан негізгі тақырыпқа үйлеспейтін тақырыпшалардың жоспарда жазылуы ;

- жоспардың күрделі, түсініксіз құрылуы;

- қорытындының шығарма мазмұнына сай келмеуі;

- жоспардың шығарма мазмұнына сай жазылмауы.

Осы кемшіліктерді талдағанда, жоспардың шығарма жазу үшін өте қажет екенін аңғарамыз. Жоспардың болуы оқушыға жазба жұмысында жүйелілікті сақтауға әсерін тигізеді. Мектеп шығармасы - белгілі бір тақырыпта жазылған ой қорытындысы, өзіндік көзқарасты аңғартатын дәлелдеме, сондықтан шәкірттердің қысқа болса да жоспар құруын міндетті санаймыз.

Дайындық кезеңінде оқушының өз ойы, көзқарасы, пікірі шығармада айқын көрініп тұруы қажеттігін олардың есіне жиі салып

қоюдың әбестігі жоқ, себебі шығарма — ең әуелі шәкірттің өз дүниетанымдық көзқарасын білдіретін төл туындысы, бұл — шығармада оқушының сөз саптауы болуын қажет етеді. Шығарма жұмысына дайындықтың тағы бір кезеңі - көркем мәтінмен жұмыс.

Көркем мәтінді түсініп талдауда оның мазмұнын білу ғана жеткіліксіз. Оқушылардың психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, әдебиет теориясынан мәліметтер беру пән мұғалімінің үнемі, үздіксіз жүргізетін жұмыстарының бірі болып саналады. [3, 13]

Шығарма жазуға дайындықтың бір кезеңі оқушылармен мәтіндегі мағынасы түсінуге қиын тиетін сөздер мен тұрақты сөз тіркестері бойынша сөздік жұмысын жүргізу болып табылады. Мұның өзінен көркем шығарманың тілдік ерекшеліктеріне мән беру оқушының логикалық ойлау қабілетін арттыруға әсер ететінін аңғардық. Бұл жерде ең бастысы оқушы ізденеді.

Шығарма жазар алдында оқушыларға әр түрлі мазмұнды қамтитын әдеби тапсырмалар беруді жөн көрдік. Олар:

- прозалық шығарманың бір эпизодын

драмаға айналдырып жазу.

- өлең сюжетін қара сөзге айналдыру, эпизодты таңдап алып сыр толғау жазу;

- кейіпкермен тілдесу — оқушының сөзді өзіне ұнайтын бір кейіпкеріне арнауы, тақырыпта ауызша, жазбаша ой толғау ұйымдастыру;

- кейіпкер аузына сөз салу — тақырыпта кейіпкерлердің өзі болып толғану, монолог құрастыру;

- шығарма тақырыбына сай мектептің қабырға газетіне мақала жаздырту;

- ауызша журнал құрастыру;

- шағын әңгімені қиялмен фантастикалық әңгімеге айналдырып жазу немесе қиялмен болашақ өмірге сапар шеккізу тәрізді жазба жұмысын алу.

Шығармаға дайындық кезеңінде болашақ шығарманың идеясы мен тақырыбын ашуда көмектесетін әдеби көрнекіліктің бірі эпиграф болып табылады.

Эпиграф ақын-жазушы, ғалымдар еңбектерінен, жеке хаттарынан, күнделіктерінен, мақал-мәтелден алынып, оқушы шығармасының басты идеясын көрсетіп тұруы керек. Ол - туындыдағы ойды ашудың



кілті. Эпиграф шығарма жазуды бастауға жол сілтейді. Оқушының келешек айтар ойын анықтайды, бағытын көрсетеді.

Шығарма жазу алдындағы жоғарыда көрсетілген дайындық жұмыстарының барлығы тоғыса келе, оқушының шығарма жазуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын тудырады.

Оқушыларды шығарма жазуға жүйелі түрде үйретудің жолдарына төмендегідей әдіс-тәсілдер жүйесін, мұғалім мен оқушылар арасындағы жұмысты ұсынуға болады:

1. Мұғалімнің материалды қысқа түсіндіріп, туындының бас жағын сыныпта оқытуы;
2. Сұраққа жауап аларлықтай маңызы бар эпизодтарға көңіл бөліп, оларға ат қоюы;
3. Көркем туынды кейіпкерлерін топтау;
4. Шығарманың негізгі бөліміне не сюжеттік желісіне баса назар аудара отырып, мәтіннен үзінді ұсынып, ой пікір жинақтау;
5. Мұғалімнің кіріспе әңгімесі. (Бұл жерде шығарма тақырыбына сәйкес әдеби-тарихи шолу, ақын-жазушылардың өмірін баяндау, көркем шығарманы талдау мәселесі сөз етіледі.)
6. Көркем туынды бойынша тезис жасату;

7. Болашақ шығармаға керекті шешендік сөздерді, мақал-мәтелді жаттату;

8. Әдеби кейіпкерге талдау жасаудың үлгілерін беру;

9. Автормен сырласу, өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

10. Мәтін жанрын өзгертіп, кейде өз атынан баяндау, диалогты монолог арқылы беру, автормен сырласу;

11. "Шашылған" мәтінді жүйелеу, жоспар жасату;

12. Сурет арқылы қиялда ой туғызу.

Шығарма жазатын оқушының алғашқы біліктерінің бірі ретінде оның шығарма тақырыбын түсініп, туынды идеясын тануын айтамыз. Шығарма тақырыбына мән беру оқушыдан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жазба жұмысындағы кейіпкерлердің, көркем бейнелі тұлғалардың арасындағы қарым-қатынас әрекеті мен оқиға нәтижесінен туатын мазмұн тұтастығы сол шығарманың тақырыбы мен идеясын құрайды.

Бүгінгі таңда шығарма жазу әдістемесін жүзеге асыруда шәкірттердің жоғары деңгейдегі білім-білік дағдыларын қалыптастыру, ойлау

жүйесінің дамуына жағымды ықпал жасап, шығарма жазудың тиімді әдістерін меңгеру, идеясын анықтау үшін шығарманы талдау керек. Оқушы шығарманы басты, негізгі ой, мазмұн бойынша ғана жазып үйренуі қажет. Шығарма тақырыбын талдауда маңызды нәрселерді: негізгі тезистің шығарма тақырыбына сай келуі, дәлелдеудің сенімді шығуы, талдау бөліктерінің бір-бірімен тығыз байланыста болуы, қорытындының нақты жасалуын-қамтамасыз ету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекеттік білім беру саясатының тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1995.- 35б.
2. Лук А.Н. Память и кибернетика. – М.: Наука, 1966. – 49 с.
3. Майман Р.Р. Практикум по методике преподавания литературы: Учеб.пособие для студентов пед.институтов. – М.:Просвещение, 1985.-195с.
4. Орлов Б.А. Как написать сочинение по литературе. Пособие для учащихся 8 кл.средней школы. – М.:Просвещение, 1977.-79с.
5. Ильин Е.Н. Как писать сочинение.-

Вечерняя средняя школа. – 1993. – № 2. – с 37-40.

6. Катаев В. Время и писатель. Вопросы литературы. – 1961.-№ 9. – с 130.

7. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 40б.

В данной статье раскрываются вопросы обучения учащихся как нужно правильно писать сочинения, подготовка к ней и до полного раскрытия содержания темы. Письменная работа позволяет обдумать ответ, увидеть ситуацию, полнее выразить свои чувства и мысли, развивает устную и письменную речь.

In this article the questions of literary development of pupils in connection with teaching of written forms of studying during the periods of Kazakh literature are lighted. The written forms allow the pupils to think over the answer, to account the situation, deeply reflects the feelings and emotions to develop highest level of speech.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**А.УТЕГАЛИЕВА,**  
**А.Тайманов атындағы**  
**№34 мектеп-гимназиясы.**  
Орал қаласы

## **СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН.** **«АҚСАҚ КИІК»**

Сабақтың мақсаты: білімділік-ақын жайлы білетін мәліметтерді тыңдай отырып жаңа мағлұматтар алуына жағдай жасау, «Ақсақ киік» өлеңінің тақырыбы мен идеясын ашу; тәрбиелік-оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке баулу, елжандылыққа тәрбиелеу; дамытушылық-өз бетінше талдау, зерттеу жұмыстарына машықтанып, түйінді ой, өзіндік пікір қалыптастыруына жағдай жасау.

Сабақтың типі: аралас сабақ.

Сабақтың түрі: дәстүрлі сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілі: мәнерлеп оқу, әңгімелеу, талдау, Венн, РАФТ.

Сабақтың көрнекілігі: портрет, тірек сызба суреттер.

Пәнаралық байланыс: тіл, тарих, география.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.
3. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1. Оқулықтан Жамбылдың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметті оқу.

2.«Өтеген батыр» дастанының ұнаған шумақтарын жаттау.

III. Білім тексеру:

Өткен сабақта Сәкен туралы зерттеу деректер жинап келу тапсырылған. Қане, ойымызды ортаға салайық.

IV Жаңа сабаққа дайындық

1.С.Сейфуллиннің өзің білетін

шығармаларын жанр бойынша топтап жаз.

Өлеңдері: \_\_\_\_\_

Поэмалары: \_\_\_\_\_

Хикаяттары: \_\_\_\_\_

Романдары: \_\_\_\_\_

2. Бетпақдала туралы қара сөзбен сипаттама жаз.

---

1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу.

2. Сабақ мақсатын түсіндіру.

V. Жаңа тақырыпты түсіндіру:

- Электронды оқулықпен жұмыс.

(Электронды оқулықтан «Ақсақ киік» өлеңі мәнерлеп оқылады)

- Балалар, өлеңнің бастапқы жылдарында баяндалған Арқа, Бетпақдала туралы мәлімет бере кетейін. Арқа, яғни Сарыарқа-Орталық Қазақстанды алып жалтқан аймақ. Батысынан шығысына дейін 1200 км өңірді алып жатыр. Бетпақдала осы Сарыарқада орналасқан, батысы сазды,

шығысы тасты құмды, шөлді жер.

- Киік дегеніміз не? Киікті қазақ ақбөкен деп те атайды. Киік шөлді жерді мекендейді. Оның мүйізі медицинада дәрі-дәрмек жасау үшін пайдаланылады. Еті мен мүйізі бағалы.

VI. Түсінік тексеру:

1. Кітаппен жұмыс:

- Мәнерлеп оқу.
- Түсініксіз сөздерді қарандашпен белгілеу.

2. Экранға сөздік жазылады.

Қу баялыш –шөптің атауы.

Сегіз көштік – ұзындық өлшемі.

Тана – жануардың әсем, сұлу мүсіні.

Қос – шатыр күрке.

Бетеге – шөп атауы.

3. Ақбөкенді ақын қалай суреттейді? Сен өзің қалай суреттейсің?

Ақынның суреттеуі	Менің суреттеуім

4. Жаралы киіктің аянышты халін ақын



калай суреттейді? Мәтіннен тауып жаз.

5. Шығарманың идеясы не? \_\_\_\_\_

6. РАФТ Кейіпкерге хат /Мергенге хат/  
Мергеннің қорғансыз киікті атуына не себеп болды екен? Қалай ойлайсың? Өз ойыңды жүйелей отырып, киікті атқан мергенге хат жаз.

7. Адам баласының табиғат пен ондағы тіршілік иелеріне қарым –қатынасы, адамның іс -әрекеттері қандай? Осыған орай киік пен табиғат, экология ұғымдарын байланыстыра отырып, «Азайды соңғы кезде байғұс бөкен» деген тақырыпта үндеу жаз.

VII. Жаңа сабақты бекіту:

Шығармашылық жұмыс.

1. Өлең мазмұнына сүйене отырып, өлең ішінен табиғат көрінісі, киіктің сұлу мүсіні, мүшкіл халін суреттеген жолдарды тауып, өз сөзімізбен айтып көрелік.

(Оқушылар өлеңнен тауып айтады.)

2. Өлеңнен ақынның қандай бейнелі сөздерін байқадық?

Елеңдеп жас балаша жаутаңдайды – теңеу.

Қу баялыш, қара жусан, құраған шөл-эпитет

3. Табиғатты қорғау, жан-жануарларды қорғау туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

4. Тест-сұхбат.

- Кімнің шығармасы?

- Тақырыбы?

- Берген тәрбиесі?

5. ВЕНН: киік, мерген

VIII. Сабақты қорыту:

1. Бағалау.

2. Үй тапсырмасын беру.

1. «Ақсақ киік» өлеңін мазмұндау, өздеріңе ұнаған жерін жаттау.

Н.ТЛЕБАЛДИНА,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті.

## **Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫН ОҚЫТУ**

Мақсаты: Ақбілек бейнесін, қиын тағдырын романды оқыту, талдау барысында меңгерту. Ақбілекпсихологиялықроманекендігінмысалдар келтіре отыра талдау. Кейіпкер басындағы қиындықтарды романнан мысалдар келтіре меңгерту, әдебиет теориясы композиция, сюжет ұғымдарынан алған білімдерін бекіту. Адам баласының басына түскен ауыртпашылықты, қиындықты жеңе білу. Оқушылардың шығармашылық жұмыс жасау түрлерін дамыту. Сабаққа деген қызығушылығын арттыру, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Сабақтың түрі: іздену сабағы.

Сабақтың әдісі:сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, ұнтаспа.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Сабақ мақсатымен таныстыру.

Үйге берілген тапсырманы «Бетпе-бет» бағдарламасы бойынша сұрау.

Бетпе-бет бағдарламасының жүргізушісі бағдарламаға келген қонақтармен таныстырады.

Тікелей эфир арқылы көрермендерді толғандыратын сұрақтар қойылады. «Бетпелбет» бағдарламасына келген қонақтар көрермен сұрақтарына жауап береді.

Берілетін сұрақтар:

1. Ж.Аймауытовтың туыстары, балалары туралы не айтасыз?

2. Ж.Аймауытовтың қазақ әдебиетінде алатын орны қандай?

3. Ж.Аймауытов шығармашылығы жөнінде не айтасыз?

4. Ж.Аймауытов аударма өнерімен айналысты ма, айналысса, кімдерден аударды?

5. Әдеби-сын мақалалары жөнінде не айтасыз?

6. Ж.Аймауытов шығармашылығын зерттеуші ғалымдар туралы не айтуға болады, қандай ғылыми еңбектер бар?

7. Аймауытовқа қандай айып тағылды?

8. Ж.Аймауытов қай жылы ақталды?

Өткен сабақты бекіту мақсатында «Халқым деп соққан жүрегі» атты әдеби монтаж ұйымдастырылады.

II. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде әйел теңсіздігі тақырыбы жаңа деңгейге көтерілді. Қазақ қыз-келіншектерінің тағдыры ұлттың зиялы қауымы, ақын-жазушыларының назарында болды.

Халықбасынан өткерген ауыр күндерді, азамат

соғысының зардабын Ақбілек басынан өткен ауырлық арқылы суреттейді.

Романда әлеуметтік қайшылықты ғана емес жазушы адамның адамгершілік, ізгілік, мейірімділік сияқты ізгі қасиеттер мен оған қарама-қайшы өшпенділік, іштарлық мінездердің қақтығысын басты оқиға етіп алады.

Интерактивті тақтадан Қазақстанның Шығысында орналасқан жер жаннаты Марқакөлдің әсем табиғаты суреттерін көрсете отыра, Қазақстан картасынан Марқакөл қорығы мен оның әсем табиғаты туралы әңгімелеу.

Үнтаспадан әсем табиғат туралы оқылымды тыңдату.

«Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау құт сорғалап, көнек-көнек лақылдайды: қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шиқан дуылдайды....

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлықтай айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан тандай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса-есің кетіп, сұңқыл қақса –шым-шым етіп, бойың босап, йың босап, қиялың қия кеседі.»

«Ақбілек» романын алдын-ала оқу үй

тапсырмасына берілген.

«Ақбілек» романын талдау, мазмұнын меңгерту жұмысы «XXI ғасыр көшбасшысы» ойыны арқылы жүзеге асады. «Бәйге» кезеңі 10 сұрақтан тұрады. Ең көп ұпай санын жинаған оқушылар келесі турға өтеді.

1. «Ақбілек» романы нешінші жылы жазылды?

2. Ақбілектің көзінің тартуы нені білдіреді деп ойлайсыңдар?

3. Шұбап келе жатқан 4 атты адамдар кімдер?

4. Келген салт аттылар кімнің үйіне келді, келу себебі қандай?

5. Ақбілектің шұңқырда екенін кім білді?

6. Ақбілектің бауырлары бар ма?

7. Ақбілекті ауылға алып келген кім?

8. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынас қалай суреттеледі?

9. Бозінген қандай кейіпкер?

10. Ақбілек білім алу мақсатында қандай қалаларда болады?

«Дода» кезеңінің сұрақтары.

1. Ананың балаға деген махаббаты қандай оқиғамен суреттеледі? Мәтіннен мысал келтіре баянда.

2. Қазақтың бас араздығынан кек туатыны мәтінде қай көрініс арқылы сипатталған?

3. Ақбілек ақтардың қолында, Ақбілектің өміріне дақ түсуі туралы не айтасың? (30 ұпай)

1. Ақбілекке екі орыс офицерінің таласуы,

Қарамұрттың жирен офицерді дуэльде атып өлтіруінің себебі неде?

2. Қарамұрт қашарында Ақбілекті қимай атып кетпекші болған жерін романнан мысал келтіре әңгімеле.

3. Ақбілектің тауда жалғыз, қасқырлар қоршауында қалуы туралы не айтуға болады? (40 ұпай)

1. «Ақбілек» романының негізгі арқауы болған оқиға қандай?

2. Ақбілектің ауылға келе жатқандағы психологиялық тебіренісі, жан күйзелісі туралы не айтасың?

3. Мұқаш бейнесі арқылы жазушы нені көрсетеді. Мысал келтіре әңгімеле? (50 ұпай)

Ұпай сандары тең түскен оқушыларға берілетін сұрақтар.

1. Әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың суреттелуі.

2. Өгей шеше.

3. Ұрқия мен Ақбілек.

4. Түс көруі.

«Ақбілек» романына сатылай кешенді талдау.

Кейіпкерлері:

1. Мамырбай.

2. Ақбілек.

3. Бекболат.

4. Мұқаш.

5. Алтынай.

6. Төлеген.

7. Қарамұрт офицер.

8. Ұрқия.
9. Өгей шеше Өрік.
10. Ақбала.
11. Күмсінай.
12. Бозінген.
13. Немере ағасы Әмір.

Портрет.

Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ  
кұлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай,  
қара сұр жігітпін.

Жасым 35-те.

2. Жазушы тілі.

Сөздік жұмысы.

Лепес - сөз, лебіз.

Шөміш-су ішетін зат.(диалект)

Дуэль –жекпе-жек атыс.

Қада-

Сәкі-

Қос-

Құман-

Қара астау-

Сұқсыр-

Теңеу.

Марқакөлдің суы балдай.

Күнәға батпаған, періштедей сәбиге жаман  
қолын, арам демін, арам ернін тигізуге батылы  
бармады.

Бір мезгілде өкірген сиырдай қараңғы түнді  
күңіретіп, қатындар дауысы баж ете түсті.

Тұрақты тіркес.



Құдай қуат береді.  
Қол-аяғы жерге тимей.  
Екі езуі жиылмайтын.  
Жынның ойнағындай.  
Жүрегі су ете түсті.  
Жігері құм болды.  
Ішкені ас болмады.

Мақал-мәтел.

«Жақсы лебіз-жарым ырыс» 105-бет.  
«Қорыққанға қос көрінер» 107-бет.  
«Өлмегенге өлі киік» 108-бет.  
«Құлақ естігенді көз көреді» 130-бет.  
«Басқа түссе, баспақшы» 102-бет.  
«Жылан торғайды арбап жейді» 113-бет.  
«Жаман иттің атын бөрбасар қояды» 123-бет.  
«Ажалы жеткен қарға қаршығамен ойнайды»  
138-бет.  
«Есептескен дос болмайды» 172-бет.  
«Құда мың жылдық» 217-бет.  
«Ит ашуын тырнадан алады» 227-бет.  
«Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде» 230-бет.  
«Зәрдің басын зәр алады» 158-бет.  
«Құдай бергенде, құлай береді» 217-бет.  
«Сабыр түбі-сары алтын» 229-бет.  
«Қонақ аз отырып, көп сынайды» 227-бет.  
«Жығылғанға жұдырық»  
«Оқу-ақыл тілегі, сүю-сезім тілегі»  
Романға композициялық талдау үлгісі.

1. Романның басталуы.

Мамырбай байдың тұрмыс-тіршілігі, Ақбілектің көзінің тартуын айтып, әлденеден секем алуы.

2. Байланысуы. Ақбілекті орыс солдаттарының алып кетуі. Қыз үшін жирен сары мен қарамұрттың таласуы, дуэльге шығуы.

3. Шиеленісуі. Орыстардың қаша бастауы.

4. Шарықтау шегі. Ағасының Ақбілекті ауылға алып келуі. Ақбілек басындағы қайғы.

«Бұрынғы кіршіксіз аппақ кеудесіне енді кара құзғын ұя салып кеткен тәрізді. Осы арам денеммен, арам аузыммен әкемнің иманды жүзіне қалай жақындаймын?» деген ойлары Ақбілектің жан күйзелісі кейіпкердің ішкі психологиялық трагедиясын көрсетеді.

Психологиялық шиеленіскен драматизм трагедияға ұласады.

5. Шешім. Ұлының дүниеге келуі. Оқу, білімнің арқасында жаңа заманның оқыған, көзі ашық әйелдің қалыптасуы.

Мәтінге әдеби талдау жасау.

Эпитет	Теңеу	Метафора	Метонимия
1. Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қарыс маңдай, кара сұр жігітпін.	Үй-іші тастай қараңғы. Жылан кіріп келгендей, Қасқырдың көзіндей қып-қызыл.	Алдымызда қылышын сүйреткен қызыл шұнақ қыс.	Жау жүректер, күйінділер, ұр да жықтар, т.б.

2. Кейіпкердің киімін суреттейтін эпитеттер. әмірқан етік, жаман тымақ, бастама мәсі, жаман кебіс, лаңке шапан, ноғай бөрік, т.б.	Қабағы қайрақтай болып, танауы делдиіп тұр екен.	Айналамыз қызыл жау. Келешегіміз аяз, аштық, соғыс, ажал. Бірінен болмаса, бірінен өлеміз.	
---	--	--	--

Ақбілектің орыс салдаттарынан аман-есен құтылғанынан кейінгі айтылған монологы жатқа мәнерлеп оқылады.

Саялдық қара бұлттар-ау! Ақбілектің жанын тұншықтырған қара тұман аз болды дедіңдер ме, үстіне мұнша төнгенше, анау асқар таулардың басына төнсеңдерші!

Күздің сарғыш жапырақтары-ау, Кімді әлдилеп, сыбырлап тұрсыңдар? Қалың бұтаның қайғысыз, қамсыз бөденелері-ау! Несіне қара түнді жаңғырықтырып тұрсыңдар? Сұлудың жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сейілтем дейсіңдер ме? Қанатын қаршыға күйретіп қикайған қостың алдында бір қолымен жер таянып, аспанға қарап отырған сұқсырдың налыған зарын тәңірісіне жеткізем дейсіңдер ме? Бұлттар-ау, серпілмейсіңдер ме?

Жапырақтар-ау, сыбдырлап жерге төгілгенше,

шерлі сұлуға сая болсаңдаршы! Ызғырық-ау, ызылдағанша, жапанда жалғыз қалған баланың әкесіне хабар берсеңдерші! Ой, мейірімсіз шіркіндер-ау! Сендердің тілдерінді Алтайдың жаралы аруы білмейді ғой! Сендердің қасқабағына қараймын, сендерге еркелеймін деп есіл сұлу мұндай күйге ұшырады ғой! Жел мен бұлттың алласына сенем деп сенделіп қалды ғой!....

Сабақты бекіту кезеңінде тест тапсырмаларының түрлері орындалады.

Сабақты бағалау. Үйге тапсырма беру. «Егер мен жазушы болсам...» эссе жазу. Топтастыру стратегиясы бойынша романдағы кейіпкерлерге мінездеме беру.

#### Резюме

Автор разными методами раскрывает идейное содержание романа. Отражение психологического состояния героини романа являлось основной целью.

#### Summary

The Author considers the different ways of the opening an idea of the contents of the novel.

The Reflection of the psychological condition to heroines of the novel was shown by main purpose.

**М.МҮСІЛІМ,**  
**Жаңашаруа қазақ**  
**орта мектебі.**  
 Атырау облысы,  
 Қызылқоға ауданы,  
 Қоныстану ауылы

## МҰХТАР МАҒАУИН. «БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ» (6-сынып)

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Шығарма мазмұнын қайталай отырып, оқушылардың кейіпкерлерге толық мінездеме беруіне, тағдырына ортақтаса алуына мүмкіндік туғызу, кейіпкер арасындағы ізгілік қарым-қатынасты талдау, оқушыларды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу; Сыни ойлау көзқарасын дамыта отырып, білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер диалогтік оқытуды қолдану арқылы негізгі идеяны түсіну; өз бетімен жұмыс жасау барысында қабілетті оқушыны табу; жас ерекшелігін ескеру; ой түйіндеуіне орай көшбасшылықты анықтау; Ынтымақтастыққа, адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаттары	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Оқылған әңгіменің негізгі мазмұнын түсінеді.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Оқылған әңгіменің негізгі мазмұнын түсінеді және кейіпкер бейнесін анықтайды.</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: Әңгіме мазмұнын түсінеді, кейіпкер бейнесін анықтай алады, кешенді талдау жасай алады, пікір айтады.</p>
Оқыту нәтижесі:	Оқушылар шығарма кейіпкерлерін жан-жақты талдап, олардың арақатынасын анықтайды. Әр оқушы кейіпкерлерге сын тұрғысынан баға беріп, зерттеу жүргізеді, өз ой-пікірін білдіре алады. Шағын топта бірлесе ынтымақпен жұмыс атқарады, біріге қорытынды жасайды. Ойды жүйелі жинақтауға үйренеді; өз біліміне есеп беріп, бағалауға үйренеді; өзіндік ойын ортақ пікірге тоғыстыра біледі; өзге топтарды тыңдауға үйренеді.

Міндеттері:	Оқушылар шығарма кейіпкерлерін жан-жақты талдап, олардың арақатынасын анықтайды. Сыныпты топтық жұмыс жасауға, еркін сөйлеуге, жүйрік ойлауға машықтандыру. Оқушыларды бауырмалдылық, мейірімділік, бейімдеушілік қасиеттерге тәрбиелеу.
Сілтеме:	Оқулық; М.Мағауин шығармалары; Слайдтан тапсырма көздері, BilimLand 6-сынып: Проза М.Мағауин. 1 тармақ
Негізгі идея	«Сыртқы түр-перде. Ішін айт, пиғылын айт» (Мәтіннен Ахметтің сөзі)
Сабақтың әдіс-тәсілдері	«Автор орындығы», Сұрақ-жауап, мәселе тудыру, іздестіру, оқулықпен жұмыс, топпен және жеке жұмыс жасау, баяндау, пікірталас, эссе, талдау сын тұрғысынан ойлау, дарынды және талантты балалармен жұмыс, рефлексиялық есеп.
Бағалау өлшемдері	Мәтіннің мазмұнын түсінеді; Әңгімедегі кейіпкер бейнесін анықтайды.
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Оқылған әңгіме бойынша кейіпкерлерге сипаттама береді.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:
	Алғыр, ақылды, әділетті, мейірімді бала, қарапайым, қызба, сотқар, тентек, мақтаншак бала, т.с.с.
Алдыңғы оқу	Мұхтар Мағауин. «Бір атаның балалары» хикаяты.

Сабақтың кезеңі	Кезеңнің мақсаты:	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	уақыт
		Ұйымдастыру кезеңі: Сыныпты үш топқа бөлу: «Достық», «Бірлік», «Тағулық»			
Білу	Оқыған шығарманы еске түсіріп, түсінгенін қысқаша баяндау.	Мұхтар Мұқанұлы Мағауин- тарихшы, жазушы, драматург; қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуші, ғалым. Филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы	Жоспар бойынша суреттер арқылы болған оқиғаларды ретімен қоя отырып, мазмұнын қысқаша баяндайды, сол арқылы шығарманың композициялық құрылымын шығарады.	Өзін-өзі бағалау парағы мен таныстыру. Мадақтау.	Сабақтың басы. 5 минут. Мадақтау.

		<p>Жоспар бойынша әңгіме мазмұнын жүйелеу арқылы композициялық құрылымына талдау жасау:  Оқиғаның басталуы: Ауылға келген балалар  Оқиғаның дамуы: Балаларды бөліп алуы  Оқиғаның байланысуы: Зигфридке той жасауы  Оқиғаның шиеленісуі: Қазақ балаларымен Зекеңнің достасуы  Оқиғаның шарықтау шегі: Ахметтің үстінен арыз түсуі  Оқиғаның шешімі: Ахмет ақталып, көрші ауылға көшті.</p>																		
Түсіну	<p>Повесть мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере отырып, автордың негізгі айтпақ ойын, идеясын тапқызу.</p>	<p>«Автор орындығы» Ашық сұрақтар қоя отырып, кейіпкер бейнесін ашу.  Кейіпкерлер образына ене отырып, сұрақтарға жауап беру.  1-топ. Ахмет бейнесіндегі оқушыға сұрақтар:  1. Қазақ балалары Нартай мен Ертайды таңдамай, неміс баласы Зигфридті таңдауыңызға не себеп болды?  2. Туып-өскен ауылыңыздан неге қоныс аударуға мәжбүр болдыңыз?  2-топ. Автор М.Мағауин бейнесіндегі оқушыға сұрақтар:  1. Шығарманы не себепті «Бір атаның балалары» деп атадыңыз? Мүмкіншілік болса, қайта қалай атар едіңіз?  2. Сіз қазақтың бойындағы қандай қасиетті көрсеткіз келді?  3-топ. Зекең бейнесіндегі оқушыға сұрақтар:  1. Сен өзіңнің жана есіміне ризасың ба?  2. Қазақы дәстүрге көзқарасың қандай?</p>	<p>Ашық сұрақтармен жұмыс жасай отырып, өз ойларын ортаға салады.</p>	7 минут																
Қолдану	<p>Шығарманың мазмұнынан түсінгендерін пайдалана отырып, кейіпкерлерге талдау жасау.</p>	<p>М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесінен үзіндідегі шығарманың кейіпкерлерін талдау жұмыстары. 3 топқа</p> <table border="1" data-bbox="614 1182 879 1637"> <thead> <tr> <th>Үзінді</th> <th>Қай кейіпкердің сөзі?</th> <th>Портреті</th> <th>Мінез-құлқы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>«Қызметімді сыйламай, сойыл ала жүгірдің...»</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Неміс деп, орыс, қазақ деп бөлу пайғамбарға шет, құдайға күна...»</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>« С е н к і аға тірі... Менкі үш аға өлген... Келім...бет... Ж о л ы м . . . бет...»</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Үзінді	Қай кейіпкердің сөзі?	Портреті	Мінез-құлқы	«Қызметімді сыйламай, сойыл ала жүгірдің...»				«Неміс деп, орыс, қазақ деп бөлу пайғамбарға шет, құдайға күна...»				« С е н к і аға тірі... Менкі үш аға өлген... Келім...бет... Ж о л ы м . . . бет...»					
Үзінді	Қай кейіпкердің сөзі?	Портреті	Мінез-құлқы																	
«Қызметімді сыйламай, сойыл ала жүгірдің...»																				
«Неміс деп, орыс, қазақ деп бөлу пайғамбарға шет, құдайға күна...»																				
« С е н к і аға тірі... Менкі үш аға өлген... Келім...бет... Ж о л ы м . . . бет...»																				

Жинақтау	Кейіпкер бейнесіне қатысты ойларын ортаға салып, жинақтап, хат жазу	РАФТ стратегиясы бойынша арнау хаттарын жазу Р-рөл-оқушы А-аудитория-сынып Ф-форма-хат жазу Т-тақырып-Арнау хат 1-топ Зигфридтің Ахметке алғыс арнауы. 2-топ Зигфридтің Зигфридке хаты. 3-топ Зигфридтің соғысқа қарсылық жолдауы.	Жазбаша түрде дәптерге орындайды	5 минут
Бағалау  Үйге тапсырма	Алған біліміне сүйене отырып, ойды жинақтап, түйін түйю;	Тест арқылы тексеру. Барлығы – 5 сұрақ. 1. Қазақтың айтулы қаламгері, «Бір атаның балалары» повесінің авторы: А. Сайын Мұратбеков В. Мұхтар Мағауин С. Әбіш Кекілбаев 2. «Бір атаның балалары» повесінің кейіпкері: А. Ахмет В. Еңсеп С. Сатай 3. «-Ал, ағайын, тегіс жиналсаң, сөзіме құлақ сал», - деген кімнің сөзі? А. Дәуренбектің В. Ахметтің С. Басқарманың 4. Басқарма ауылға неше жетім баланы алып келеді? А. 6. В. 7. С. 8. 5. Ахмет ақсақал Сейітбек қожаны не үшін үйіне алып келеді? А. Зигфридтің тілін кәлимаға келтіру үшін. В. Зигфридті сүндетке отырғызу үшін. С. Зигфридке қазақша ат қою үшін. Проблемалық сұрақ. «Бүгінгі бейбіт өмірімізде де жетім балалар саны күннен күнге көбейе түсуде. Оның себептері қандай?» Қазақтың қара көз бөбектерін шет елге беру дұрыс па? «Біз соғысқа қарсымыз» ... ессе жазу.	Жазған шығармаларын топ ішінде талдап, ең үздігін ортада жариялайды.	5 минут



<p>Кері байланыс: Оқушылардың сабақ соңындағы қорытынды сөзін ауызша және жазбаша түрде орындату.</p> <p>Мен бүгін сабақта ..., ..., ... үйрендім.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Мен бүгін сабақта ..., ..., ... түсіндім.</li><li>• Маған сабақта ..... қиын болды.</li></ul> <p>Әнмен аяқтау. Бейбітшілік сақталады. Әні: Ә.Еспаев, сөзі: Н.Шәкенов</p>	
---	--

**Б.ҚҰЛАНБАЕВА,**  
**Ж.Құдайбергенов**  
**атындағы орта мектеп.**  
Алматы облысы,  
Ұйғыр ауданы

## **Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ. «ӘНШІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ӘН ҚҰДІРЕТІ ЖӘНЕ ӘМІРҚАН БЕЙНЕСІ**

Мақсаты	Ж.Аймауытұлы «Әнші» әңгімесіндегі ән құдіреті және Әмірқан бейнесі, әңгімедегі Әмірқан бейнесін ашу, халқымыздың ән өнері туралы мағлұмат беру, мәтінді арқау ете отырып, рухани-адамгершілік бағытында тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже	А) топтық, жұптық жұмыс, тапсырмалар арқылы әңгіме идеясын ашады; Ә) әнге құштарлық, өнер адамдарына деген көзқарасты қалыптастыру керектігін ұғынады; С) Әмірхан әнінің зор құдіретін қазіргі өнермен байланыстыра алады.
Сабактың әдістері	Сын тұрғысын ойлау, топтық жұмыс, диалогтік оқыту, ОҮБ, АКТ.
Керекті жабдықтар	Ж.Аймауытов, Ә.Қашаубаев портреттері, шығармалары, АКТ ресурс парақтары, маркер, стикер, плакат, оқулық.
Сілтеме	1. 7-сынып. Әдебиет оқулығы. 2. Қ.Ә.Қылышбаева. «Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту- Блум таксономиясының ұтымдылығы» 2012ж. 3. «Мектептегі кітапхана». №2. 2014 ж.

Тапсырмалары	1.Сыныпты топтастыру. 2. Тапсырмалар Блум таксономиясы бойынша құрылады.	
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе 5 минут	<p>А) Психологиялық дайындық</p> <p>Бір-біріне сәттілік тілейді.</p> <p>Ә) «Әншілер», «Өнерпаздар», «Білімділер», «Еңбекқорлар» топтарына бөлінеді.</p> <p>Топ атауына байланысты мақалдар жазылған кеспелер бойынша топтасады.</p> <p>Б) Үй тапсырмасы</p> <p>Мәтін бөлімдері бойынша жүйелеу</p> <p>1. Жетішатыр-жақсы қала.</p> <p>2. Әнші Әмірқан осы.</p> <p>3. Ақтамақ хикаясы «Білгенге маржан».</p> <p>Жуан, жінішке сұрақтар.</p> <p>Оқушылар берілген сұрақтар арқылы үй тапсырмасына әзірлігін көрсетеді.</p> <p>1. «Сегіз қырлы бір сырлы» Ж.Аймауытов жайлы не білесіздер?</p> <p>2. «Жетішатыр-жақсы қала» Шығармадағы қаланың тұрмыс тіршілігі қалай бейнеленген?</p> <p>3. Әнші Әмірқан алғашқы (Шәкет үйінде) салған әні мен тыңдаушылардың алған әсері, сезім күйлері әңгімеде қалай беріледі?</p> <p>4. Наурыздағы ойын-сауық қалай берілген?</p> <p>5. Шығармадағы Әмірқанның Ақтамақ жайындағы әңгімесі</p>	<p>Мұғаліммен амандасады, кезекші мәлімет береді.</p> <p>Оқушы көңіл күйін бағыттау, сабаққа деген ынтасын ояту.</p> <p>Оқушылардың сабаққа деген қызушылығы, ынтасы оянады.</p> <p>Топ мүшелері бағалау парағымен танысады, әрбір кезеңдерден кейін шынайы бағаланып отырады.</p> <p>Соңында мұғалім көмегімен кері байланыс жасайды.</p> <p>Мадақтаулар: өте жақсы, жарайсындар!</p>

<p>Тұсаукесер 7 мин.</p>	<p>Ой қозғау. Үнтаспадан Әміре Қашаубаев туралы бейнетаспа көрсетіледі. Қай жазушының шығармасын алып қарасақта өнерді сүю назардан тыс қалған емес.</p>	<p>Білу, түсіну, аясында сұраққа жауап береді. «Екі жұлдыз, бір тілек».</p>
<p>Негізгі бөлім. 20 минут</p>	<p>Мәтінмен жұмыс. /Миға шабуыл/ Жаңа сабақ эпиграфы: Сегіз қырлы, бір сырлы мен Жүсіпбектей шебер жазушыны бұрын-соңды көрген емеспін. Б.Майлин. Топтық жұмыс. «Кітапдосың, ақылшың» (Оқулықпен жұмыс) 1-топ. Әңгіменің композициялық құрылымына талдау. Оқиғаның басталуы - Жетішатыр қаласының тұрмыс-тіршілігі. Оқиғаның дамуы – Қымыз ішкен жастардың Әмірханмен кездесуі. Шиеленісуі – Наурыз мерекесі. Әмірқан – театр сахнасында. Шарықтау шегі – Әмірқан басынан кешірген бір оқиға. Шешімі – Ән тәңірінің құдіретті әні. 2 - топ. Әмірқанның өмірдегі прототипі кім? Прототип дегеніміз не?</p>	

	<p>Ә.Қашаубаев- қазақ музыкасын халықаралық деңгейде танытқан дарынды жезтаңдай әнші. Ол 1925 жылы Парижде дүниежүзілік көрменің этнографиялық концертіне қатысып, «Дудар-ай», «Қараторғай», «Қызыл бидай», «Үш дос» әндерін орындаған.</p> <p>2. (Ә.Қашаубаев). Прототип дегеніміз- түптұлға, әдеби шығармада кейіпкер бейнесін жасауға негіз болатын өмірде болған адам, тарихи тұлға.</p> <p>Әңгімедегі Әмірханның прототипі- әйгілі қазақ әншісі Әміре Қашаубев. Ол- Парижде өткен дүниежүзілік этнографиялық концертте бүкіл әлем жұртшылығына танылған тарланбоз әнші.</p> <p>Сол Парижде ол Исаның әні «Желдірмені» орындаған. Шетелдіктер ол әнді күйтабаққа жазып алған. Кейіннен Қазақстандықтар Париж мұражайынан сол жазбаны алдыртқан.</p> <p>3-топ. 1. Өз қиялдарыңмен Ақтамақ хикаясы тақырыбына қысқаша әңгіме құрастырыңдар.</p> <p>4-топ. Әмірқан бейнесін мінездемелік жоспар арқылы ашу, үзінділер арқылы дәлелдеу Қарапайымдылығы - Әмірқан қол ұстасып, сыпайы амандасып отырды.</p> <p>Әнеугі Шәкеттікінде көрген</p> <p>Әмірқан емес, бұйығы, момақан жігіт.</p> <p>Өнерге сүйіспеншілігі - Ән салса, ол өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, оның дауысы көмейінен шықпайды, жүрегінен шығады. Ол әннің әр нақысын ұғады, әнді ғана сүйеді.</p>	
--	--	--

	<p>Ол тәтті үнге, топқа бола жаралған адам. Ән салса, рақаттанып, гүл-гүл жайнайды. Көзі де, аузы да, денесі де, қолы да бірге салады. Әмірқан кісі емес, әнге айналады. Оның ән салғандағы түріне карап отырсаң, тоясың.</p> <p>Адамға үйірсектігі- Әмірқан кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт. Наурыздан кейін бізбен дос болып кетті. Бер жаққа шыкса, бізге соқпай кетпейді.</p> <p>Азаматтық тұлғасы (мәрттігі) Ол «барды баламайды, жоқты сынамайды», өзінің бірдемесін сұрасаң, бере салады, кісінің нәрсесін, киімін өзі де киіп жүре береді. Ұят екен-ау демейді. Ол кісі алдауды, арын сатуды білмейді.</p> <p>Кім көрінгенге сенеді. Өзін әркім талай алдап кетсе де, сенуін қоймайды.</p> <p>Сергіту сәті. (Әмірқан Аружанның орындауында халық әні)</p>	
--	--	--

Қорытынды 10 минут	Ойтолғаныс. 5 минуттық ой толғау. «Ән-өмір айнасы» ойтолғау жазу. «Иә, балалар, өнер-мәңгілік! «Өнер-таусылмас азық, жұтамас байлық» деп өнерге ғана бас иіп өткен біртуар дарын иесінің бойындағы жақсы мінез- құлықты өз бойларыңа үлгі етіп ала біліңдер. Өнерді бағалай білейік.	Шығармашылық жұмыс арқылы өз ойларын жазады.  Тақырыпты ашуы, өзектілігі									
Рефлексия. 2 минут	<table border="1" data-bbox="582 958 916 1122"> <tr> <td data-bbox="582 958 694 1032">Шығарма несімен ұнады?</td> <td data-bbox="694 958 805 1032">Сабактан алған әсерің</td> <td data-bbox="805 958 916 1032">Түйінді ойың</td> </tr> <tr> <td data-bbox="582 1032 694 1077"></td> <td data-bbox="694 1032 805 1077"></td> <td data-bbox="805 1032 916 1077"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="582 1077 694 1122"></td> <td data-bbox="694 1077 805 1122"></td> <td data-bbox="805 1077 916 1122"></td> </tr> </table>	Шығарма несімен ұнады?	Сабактан алған әсерің	Түйінді ойың							Не нәрсе оңай болды? Не нәрсе қиын болды? Не білгіңіз келеді?
Шығарма несімен ұнады?	Сабактан алған әсерің	Түйінді ойың									
Бағалау. 2 минут	Табыс өлшемдері бойынша бағалау. 1. Шығарманы жүйелі жалғастыру 2. Берілген мәтінмен жекелей танысып болғаннан кейін, ол бойынша мазмұнын ашу. 3. Әңгімедегі Әмірхан бейнесін ашу, түйіндей білу. 4. Шығарманы әдеби тілде шебер баяндап жеткізу.	Топ басшысы бағалау парағын тапсырады, бағалайды, мұғалім сараптама жасайды.									
Үйге тапсырма беру. 2 минут	1. «Әнші» әңгімесінің мазмұнын айту. 2. Өнер адамының тағдыры суреттелген туындыларды тауып оқыңыздар.	Үй тапсырмасын күнделікке жазады.									

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Ә.ЖҰМАҚҰЛОВА,**  
**Химия-биология бағытындағы**  
**Назарбаев Зияткерлік мектебі.**  
Шымкент қаласы

## **МЕҢІҢ БОС УАҚЫТЫМ. ХОББИ**

Оқу мақсаты: жазба жұмыстарында тұрақты сөз тіркестерін қолданып жазу.

Сабақ мақсаты:

- оқушыларды жұпта жұмыс жасауға дағдыландыру;
- көркем сөйлеуге үйрету;
- сурет пен тұрақты сөз тіркестерін байланыстыра отырып мәтін құрауға дағдыландыру.

Жаңа сөздер: бос сөзді адам, жаны жайдары, уақыт жүрмей қалды немесе уақыт тоқтап қалады, жанын үрей биледі, уақыт зымырап бара жатыр.

Құндылықтар: ашықтық, үздіксіз білім алу, құрмет.

Пәнаралық байланыс: өзін-өзі тану пәні

АКТ дағдылары: бейнематериал, тұсаукесер.

I кезең. Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру сәті: Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

Қызығушылықты ояту: Оқушылардың назарына «Уақыттың қадірі» бейнематериалы ұсынылады. Ұсынылған бейнематериал негізінде оқушыларға



«Жорға» сұрақтар қойылады (1-слайд).

«Жорға» сұрақтар (2-слайд):

- 1) 1 секундтың қадірін спортшыдан сұра, себебі ...
- 2) 1 апталық уақыттың қадірін апталық газеттің редакторынан сұра, себебі ...
- 3) 1 жылдың қадірін сынақтан сүрінген студенттен сұра, себебі ...
- 4) 1 минуттың қадірін кешіккен жолаушыдан сұра, себебі ...

Бағалау: «Жорға» сұрақтарына жақсы, нақты, ерекше жауап берген оқушыларға мұғалім тарапынан демеу сөздер айтылады.

Бейнебаянды талқылап болған соң, оқушылармен бүгінгі күнгі сабақтың тақырыбын анықтап, оқу мақсатын тақтадан шығару, бейнематериалда көтерілген мәселені мектеп құндылығымен байланыстырып өту (3-слайд).

Мектеп құндылығы:

- Оқушылар мектептің қандай құндылықтары «Уақыт» ролигінен көрініс табады?
- Қалай байланыстыруға болады?

Жаһандық азаматтық (4-слайд):

Мұғалім қазақстандық және шетелдік азаматтардың уақыт туралы ойларын келтіре отырып, әлемдік танымда уақыттың маңыздылығын атап өтеді.

Уақытты таңдамайды - онда өмір сүреді. (Нұрсұлтан

Назарбаев)

Дерттердің басты емшісі - уақыт. (Аврелий Августин)

Уақыт күтпейді. (Вальтер Скотт)

Уақытты босқа жіберіп алудан артық өкініш жоқ.  
(Иоганн Вольфганг Гете)

II кезең: Сабақтың ортасы:

Жұптық жұмыс. Дифференциацияға және сыни тұрғыда ойлауға негізделген тапсырмалар.

1-тапсырма. Жаңа сөздермен (тұрақты сөз тіркестері) жұмыс (5-6-слайдтар)

- Әр жұп берілген жаңа сөздерді сурет қиындылары негізінде сәйкестендіреді;

- Әр жұп 1 тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашады.

Бағалау өлшемдері:

- Суреттерді мағынасына қарай тұрақты сөз тіркестерімен сәйкестендіре алады

- Жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп бере алады.

Тұрақты сөз тіркестері:

*бос сөзді адам, жаны жайдары, уақыт жүрмей қалды немесе уақыт тоқтап қалады, жанын үрей биледі, уақыт зымырап бара жатыр.*

Тапсырма №	Дескриптор	Жұлдызша	
1	суреттерді жаңа сөздермен сәйкестендіреді	5	
2	тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашады	1	

Бағалау: тақтадан көрсетілген дұрыс жауап негізінде әр жұп бір-бірінің жұмыстарын тексереді. Әр дұрыс жауап «Жұлдызшамен» бағаланады.

Мәтінмен жұмысы. 2-тапсырма (7-слайд):

- Мәтінді дауыстап оқу.

- Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру:

1) Психологтар уақыт туралы не айтады?

2) Қартайған адамға уақыт қалай әсер етеді

3) Қатты қорыққан адамға уақыт қалай әсер етеді?

4) Адамдардың мінез-құлқы уақыттың жылдамдығына әсер етеді ме?

5) Автор қандай ақыл-кеңес береді?

Бағалау өлшемдері:

- Мәтіннің мазмұнын түсінеді;

- Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап бере алады.

Мәтін

Психолог мамандардың айтуынша, уақытты әр адам денсаулығына, жасына, көңіл-күйіне байланысты әр түрлі қабылдайды. Біздің байқағанымыз – адам қартайған сайын уақыт зымырап бара жатқандай көрінеді. Мұнымен қатар, адам жайбарақат күйде

болғанда уақыт зымырап бара жатқандай көрінсе, бір нәрседен жаныңды үрей билегенде керісінше уақыт тоқтап қалады. Уақытқа жаныңдағы адамдардың да әсері бар. Жаны жайдары адамдармен сөйлесіп отырсаңыз уақыт тез өтіп, бос сөзді адамдармен бірге болсаңыз уақыт жүрмей қояды. Осы күнге дейін ғылымның өзі уақытқа нақты анықтама берген жоқ. Зерттеулер көрсеткендей адам миында немесе ағзасында нақты уақытты есептеп отыратын бөлшек жоқ. Уақыттың ақырын немесе жылдам өтуі тек өзіңізге байланысты. Әрдайым жаныңызға жақсы адамдарды жинап, уақытты тиімді пайдалана біліңіз.

Тапсырма №	Дескриптор	Жұлдызша	
1	Мәтін негізінде берілген сұрақтарға дұрыс жауап береді.	1	
2	Жаңа сөздердің мағынасын мәтін мазмұнымен байланыстырады.	1	

Бағалау: әр жұп берген жауаптарына сәйкес мұғалім тарапынан бағалау критерийі негізінде «жұлдызшамен» бағаланады.

Жазба жұмысы. 3-тапсырма (сараланған тапсырма – 8-слайд):

Қабілеті жоғары оқушылар: Берілген суретті және бүгін сабақта өткен тұрақты сөз тіркестерін пайдалана отырып 6-7 сөйлем көлемінде «Уақыт» тақырыбында мәтін құрады;

Қолдауды қажет етпейтін оқушылар: Мұғалім тарапынан ұсынылған (уақыт зымырап бара жатыр, жанымды үрей билеп, уақыт тоқтап қалғандай, бос сөзді қойып) тұрақты сөз тіркестерін ретімен пайдалана отырып әрі берілген суретпен байланыстыра отырып, 5-6 сөйлем көлемінде «Уақыт» тақырыбы аясында мәтін құрайды.

Қолдауды қажет ететін оқушылар: Берілген суретті және мұғалім тарапынан ұсынылған (уақыт зымырап бара жатыр, жанымды үрей билеп, уақыт тоқтап қалғандай, бос сөзді қойып) тұрақты сөз тіркестерін ретімен пайдалана отырып мәтінді толықтырады.

Мәтін

Мен \_\_\_\_\_ досыммен \_\_\_\_\_ сөйлесіп,  
\_\_\_\_\_ жаттым. Таңертең \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_,  
таңғы асымды ішіп үлгермедім. Сабаққа кешігіп  
қаламын ба деп \_\_\_\_\_.  
Сабақта \_\_\_\_\_. Сабақ барысында  
\_\_\_\_\_. Осыдан кейін кешке  
\_\_\_\_\_, ерте жату керек деп  
шештім.

Тапсырма №	Дескриптор	Бағдаршам
1	мәтін құрауда берілген суретті пайдалана алады	1
2	мәтін құрауда тұрақты сөз тіркестерін орынды қолдана алады	1
3	сөйлемдері жүйелі құрылған	1
4	лексикалық, грамматикалық қателер жоқ	1

Бағалау: 1-2, 2-3, 3-4, 4-5, 5-1-жұпты бағалау өлшемдері негізінде «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды. Оқушылар бір-біріне кері байланыс береді. (9-слайд)

III кезең. Сабақтың соңы:

Сабақ соңында жалпы әр жұптың жинаған жұлдызшалары саналады.

Мұғалім тарапынан берілетін кері байланыс (10-слайд).

-Балалар, сонымен бүгінгі сабақта қай жұп немесе қай оқушы сабаққа белсенді қатысып отырды деп ойлайсыңдар? Не себепті?

- Қай тапсырмалар сендер үшін қиын болды? Не себепті деп ойлайсыңдар?

- Алда қандай жұмыстар жасау қажет деп ойлайсыңдар?

- Сондай-ақ мұғалім тарапынан сабақ барысында оқушылар тарапынан байқалған кемшіліктер жалпылама түрде айтылып кетеді.

Үйге тапсырма: Уақытқа қатысты 4 тұрақты сөз

тіркесін тауып, сөйлем құрап келу.

Сабақтың өтілу барысы бойынша рефлексия:

Сабақ қойылған мақсат аясында жүйелі өтті. Сабақтың құрылымына еш өзгеріс енгізілген жоқ. Сабақ барысында сәтті әрі толықтыруды қажет ететін тұстары да кездесті.

Сәтті шыққан тұстары:

- Сабақтың қызығушылықты ояту сәтінде «Уақыттың қадірі» бейнематериалы негізінде берілген сұрақтарға оқушылар қызыға жауап берді, әрбір оқушы өзіндік көзқарасын білдіруге, бөлісуге асықты. Сыныпта жағымды атмосфера қалыптасты;

- Жаңа тұрақты сөз тіркестерін берілген суреттермен сәйкестендіру әрі осы тапсырманы орындау барысында жұптарды өзара жарыстыру оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыра түсті. Сондай-ақ қолдауды қажет ететін оқушыларға берілген тұрақты сөз тіркестерінің мағыналарын ашуда тұрақты сөз тіркестері бейнеленген суреттер үлкен көмек берді;

- Оқушылардың қабілеттеріне сәйкес құрастырылған үшінші тапсырманы орындау барысында бұл тапсырманың сәтті тұстары көп байқалды: 1) барлық жұп бір уақытта тапсырманы аяқтады; 2) бәрі де берілген мақсатқа қол жеткізді; 3) әрбір оқушы өзіне берілген тапсырманы орындауға күштері жететіндігін байқағандықтан, олардың

өздеріне деген сенімділіктері арта түсті, өздерін еркін ұстай бастады;

- Әрбір тапсырма ұсынылған дескрипторлар негізінде бағаланып отыруы әрі әрбір жұптың көп жұлдызша жинауға талпынысы, оқушыларды өзара жарыса сабақ оқуға алып келді, бұл оқушылардың одан әрі белсенділіктерін арттыра түсті.

Алайда:

- Берілген суреттер және жаңа тұрақты сөз тіркестерін пайдалана отырып мәтін құрастыру барысында кейбір оқушылар тұрақ сөз тіркестеріне дұрыс жалғауды жалғай алмаған. Бұл дара сөзге қосымша жалғаудан, күрделі сөздерге қосымша жалғау оқушылар үшін әлдеқайда қиындық туғызатындығын байқатты. Бұл бағытта әлі де оқушылармен жеке жұмыс жасау қажеттігі көзделді.

- Сабақ соңында оқушылар кері байланыс беруде өздерінің қай тапсырмадан қиналғандығын анықтай алды, бірақ бұндай жағдай неге туындағанына нақты жауап бере алмады. Бұл оқушылардың метатанымдық қабілетін жетілдіру өте ұзақ уақытты қажет ететін үдеріс екендігін аңғартады.

Жалпы сабақтың өн бойында құрмет, еңбекқорлық, ынтымақтастық сияқты құндылықтар орын алды. Сонымен қатар дарынды адамдардың нақыл сөздерін талдауда, бейнематериалды талқылауда жаһандық тұрғыда көзқарастары ортаға салынды.



**Ж.СЕҢГЕРБЕКОВА,**  
**Жаңашаруа қазақ орта мектебі.**  
Атырау облысы,  
Қызылқоға ауданы,  
Қоныстану ауылы

## **ОСЫ ШАҚ. НАҚ ОСЫ ШАҚ** (7-сынып)

Жалпы мақсаттар:	Оқушылардың осы шақ, нақ осы шақ туралы алған білімдерін бекіту, етістіктің шақтарын қайталауға жаттығу жұмыстарын жасау; Оқушылардың іскерлігі мен біліктілік дағдыларын жетілдіре отырып, ойлау қабілеттерін дамыту; Тапсырмалар арқылы қазақ тілін үйренуге, оқуға деген қызығушылығын арттыру.
Күтілетін нәтиже:	Тақырыпты оқи отырып, идеясын тарау тақырыбымен байланыстыра ашуға мүмкіндік беріледі, батылдықтың негізгі маңызын түсіне отырып топпен жұмыс істеуге үйренеді.
Түрі	Жаңа сабақты меңгерту
Оқыту әдістері:	Оқытудағы жаңа әдістер: АКТ, СТО, ОұБ, 1. Диалогтік оқыту. 2. Жеке жұмыс 3. Топтық жұмыс.
Дереккөздер мен көрнекіліктер:	Стикерлер, смайликтер, кесте-сызбалар, бағалау парақшасы, парақшалар.

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті																	
1. Ұйымдастыру	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті															
I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	(Психологиялық ахуалды жақсарту). Аққала туралы әнмен бағалау өлшемдерін белгілеу.	Ән айтып, суреттер арқылы 2 топқа бөлу.															
Қызығушылықты ояту	Қыс мезгілі, қысқы ойындар туралы әңгімелеу. «Қар лақтырыспақ» ойыны (өткен сабақты пысықтау)	Ақ паракқа сұрақтар жазып, қар секілді домалақтап, келесі топқа лақтырады.															
II. Мағынаны тану	Сөйлемдерден етістікті тауып, жаңа сабақты ашу. 1. Сабақ өтіп жатыр. 2. Сабақ өтеді. 3. Қар жауып тұр. 4. Қар жауады.	Сөйлемдерді оқыту арқылы оқиганын жүзеге асу мерзімін, етістіктердің жасалуын көрсету арқылы ереже шығарады. Қалып етістіктерін орыс, ағылшын тілдерінде айтады: тұр (вставай), отыр (садись), жүр (иди, пойдем), жатыр (лежит). Мысалы: мен отырмын (я сижу), біз отырмыз (мы сидим) «Шаңғы жарысы» Сөйлем қай шығармадан алынған? Етістікті тап, ол қай шақта тұр? 1. Доңыздай талғамай жеп семіргендер Саналып ақылдыға жатыр, інім. 2. Жұлдызыңды жұм, көкем,															
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>жак</th> <th>жекеше</th> <th>Көпше</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>I</td> <td>Оқып отырмын</td> <td>Оқып отырмыз</td> </tr> <tr> <td>II</td> <td>Оқып отырсың</td> <td>Оқып отырсындар</td> </tr> <tr> <td>III</td> <td>Оқып отырсыз</td> <td>Оқып отырсыздар</td> </tr> <tr> <td></td> <td>Оқып отыр</td> <td>Оқып отыр</td> </tr> </tbody> </table>	жак	жекеше	Көпше	I	Оқып отырмын	Оқып отырмыз	II	Оқып отырсың	Оқып отырсындар	III	Оқып отырсыз	Оқып отырсыздар		Оқып отыр	Оқып отыр	
жак	жекеше	Көпше															
I	Оқып отырмын	Оқып отырмыз															
II	Оқып отырсың	Оқып отырсындар															
III	Оқып отырсыз	Оқып отырсыздар															
	Оқып отыр	Оқып отыр															

		<p>Жуынып ерте тұр, бөпем.</p> <p>3.Алдымен туған, көзі ашылған күшіктер жемденіп жатыр.</p> <p>4.Айналасы қарауыттып қыстау тұр.</p> <p>5.Айналасында сол төбенің бетінде қой шашылып жайылып жүр.</p> <p>6.Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр.</p>
<p>Кітаппен жұмыс</p> <p>Тақтамен жұмыс</p> <p>Сатылай кешенді талдау</p>	<p>Шанамен жарыс 106-жаттығу.</p> <p>Етістіктердің қай шақты білдіріп тұрғанын көрсет.</p> <p>Конькимен/сырғанақпен/жарыс, 107-жаттығу</p> <p>Нақ осы шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып, қалай жасалғанын түсіндіру.</p> <p>Тақырып неліктен «Ер ана» деп аталған?</p> <p>Хоккей жарысы, 108-жаттығу</p> <p>Сөйлемді көшіріп жазып, нақ осы шақтың күрделі түрінің астын сызып, қалай жасалғанын айту</p> <p>Қалып етістіктеріне сатылай кешенді талдау жаса</p>	<p>Етістіктердің қай шақты білдіріп тұрғанын айтады.</p> <p>Нақ осы шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып, қалай жасалғанын түсіндіреді.</p> <p>Ғ.Мүсіреповтің ана т а қ ы р ы б ы н д а ғ ы шығармаларын атайды</p> <p>1-топ: 1,2-сөйлем</p> <p>2-топ: 3,5-сөйлем</p> <p>Қалып етістіктеріне сатылай кешенді талдау жасайды.</p>
Үйге тапсырма	<p>110-жаттығу.</p> <p>Нақ осы шақтың (<i>отыр, тұр, жүр</i>) жалаң түрі мен <i>оқып отыр, желбіреп тұр, ұшып жүр</i> деген күрделі түрлерін қатыстырып бірнеше сөйлем құра.</p>	
Кері байланыс	<p>«Алма ағашы» әдісі.</p> <p>Оқушыларға сабақ басында екі түсті “алма” беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын. менің көңіл-күйім көтеріңкі. Қызыл түсті алмамен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ.</p>	

**М.САЛЫҚОВ,**  
**Подхоз ЖББНМ.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Зеленов ауданы

## **СИНОНИМДЕР**

Мақсаты: білімділік - оқушыларды сөз мағынасына мән беруге, сөздерді лексикалық жолмен талдай білуге үйрету; дамытушылық - ойлау, пайымдау қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберлігіне, ой ұшқырлығына баулу; тәрбиелік - туған тіл әрбір елдің ұлттық мақтанышы екенін ұғындырып, келтірілген мысалдар арқылы елін, жерін, туған тілін сүйе білуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа материалды меңгерту сабағы.

Әдісі: проблемалық ой тастау, баяндау, сұрақ-жауап, ізденушілік, зерттеушілік іс-әрекеттері, ойын түрлері.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, синонимдер сөздігі.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сабаққа назар аударту.

2. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Омонимдер туралы қайталау.

- Омонимдер дегеніміз не?

- Омонимдердің көп мағыналы сөздерден айырмашылығы неде?

2. Жаттығу: Әзіл-өлең құрастыру. Өлең шумақтарында міндетті түрде омоним болуы керек.

Жаңа сабақ:

1. Зат есімдер

Кім?

Мұғалім

Ұстаз

Педагог

Оқытушы

2. Сын есімдер

Қандай?

қадірлі

қастерлі

қүдіретті

құрметті

3. Етістіктер

Не істеу?

күту

кідіру

аялдау

тосу

4. Үстеулер

Қашан?

жуырда

таяуда

жақында

жуықта

Әр бағанадағы сөздерге сұрақ қойып, бір-бірімен мағынасы және жазылуы жағынан салыстыра отырып, синонимдердің ережесін оқушылармен бірлесе отырып шығару және оны кітаптағы ережемен салыстыру.

Мағыналары бір-біріне жақын, бірақ әр түрлі дыбысталып айтылатын сөздер тобы синонимдер

деп аталады. Синонимдер мынадай белгілерге орай топтастырылады:

- Балалар, өзіміз көріп отырғандай, тақтада жігіт пен таудың суреті берілген. Оларды бір-бірімен салыстырып көрейік. Аласа бойлы жігіт, бойшаң жігіт, биік тау. Осы сөздерді биік жігіт, бойшаң тау деп қолдануымызға бола ма екен? (оқушылар өз ойын айтады)

- Сонда, балалар, бұдан түйетініміз, синонимдердің өзін де дұрыс, мақсатқа сай қолдануымыз керек екен.

Жана сабақты пысықтау:

1. Сурет бойынша жұмыс. «Кім тапқыр?» ойыны.

Бұл кім?

Ұстаз, мұғалім, оқытушы

Адам, кісі, жан, пенде

Ер бала, жігіт, ұл

Қарт, кәрі, қария

Нәресте, сәби, бөбек, бала, перзент

Бұл не?

Тамақ, ас, тағам, дәм

Қандай көңіл күй?

Қуану, шаттану, мәз болу

Өкіну, опық жеу, бармағын тістеу.

2. Оқулықпен жұмыс. 1-жаттығу. Қазақ тілінің синонимдер сөздігін пайдаланып, әр синонимдер сыңарларын бір вагон деп есептеп, синоним қатарларынан пойыз жасаңдар. Содан кейін сол пойызда неше вагон болғанын айтыңдар.

1-қатарға «Туысқан» сөзі /Туыс, тума, ағайын, туған - туыс, жекжат - жұрағат, жамағайын/

2-қатарға «Данышпан» сөзі /Ұлы, дана, ғұлама, ойшыл, білімдар, оқымысты, данагөй/

3-қатарға «Азайту» сөзі /Алу, кеміту, шегеру, қысқарту/

3. 2-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, ондағы *ғажап, шақ, қараулық, уәде, айла, жан* сөздерінің синонимдерін табыңдар.

Ғажап – ғажайып, керемет, керім, таңғажайып;

Шақ – кезінде, уақытында;

Қараулық – әділетсіздік;

Уәде – уағда, серт, ант;

Айла – амал, тәсіл;

Жан – адам, кісі, пенде.

4. Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 140 жыл (оқушылардан Ахмет Байтұрсынұлы және оның шығармашылығы туралы сұралады) А. Байтұрсынұлының өлең шумақтарынан үзінді беріліп, ондағы синоним бола алатын сөздерді табу жұмысы орындалады.

Талапты жастың бірі – сен бір, балам,

Келіпсің дәмің айдап Қаратайдан.

Қаңбақтай жел аударған ажырапсың,

Ел-жұрттан, туысқаннан кейін қалған.

Талапты – ізденімпаз, ынталы, талапшыл;

Ажырау – айырылу, бөліну;

Ел - жұрт – жұртшылық, көпшілік;

Туысқан – туыс, ағайын, тума, туыстас.

5. Сергіту сәті. Ерте, ерте, ертеде Лексика деген ауыл болыпты. Сол ауылда Синоним деген бай болыпты. Оның балалары өте көп екен. Бай отбасымен өте тату-тәтті өмір сүріпті. Олардың татулығы сондай, тіпті балаларының барлығы бір үйде тұрыпты. Олай болса

сергіту сәтін «Тату сөздер» деп атап, сол байдың 5 ұлына және 5 қызына мағынасы ұқсас сөздерден ат қояйық.

(Күшті, Мықты, Қайратты, Қажырлы, Әлді, Сұлу, Әдемі, Әсем, Көркем, Ару)

Сабакты тест жұмысы арқылы қорытындылау.

**1. Синоним дегеніміз –**

A) Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздер.

B) Мағыналары қарама-қарсы сөздер.

C) Жазылуы әр түрлі, мағыналары бір-біріне жуық сөздер.

**2. «Даңқ» сөзінің синонимін тап:**

A) Мықты.

B) Атақ.

C) Дәулет.

**3. «Қадірлі, құрметті, қадірменді» синонимдік қатары қай сөз табына жатады?**

A) Сын есім.

B) Зат есім.

C) Үстеу.

**4. «Адам» сөзінің синонимін тап:**

A) Шәкірт.

B) Дос.

C) Кісі.

**5. Синонимдік қатардың дұрысын тап:**

A) Күлу, сықылықтау, жылау.

B) Зат, мүлік, нәрсе, бұйым.

C) Көне, жаңа, ескі.

Үйге тапсырма: 3-жаттығу.

Оқушы білімін бағалау: тапсырманы орындау ерекшелігіне қарай оқушы біліміне тиісті баға қойылады.



**Н.ЕРБОЛОВА,**  
**№ 6 ЖОББ мектеп.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөрлі ауданы,  
Ақсай қаласы

## **АСТАНА СИМВОЛЫ – «БӘЙТЕРЕК»**

Мақсаты: білімділік-Астана қаласы, еліміз туралы өткен білімдерін пысықтау. Астана символы – «Бәйтерек» екені туралы білімді меңгерту. Реттік сан есімдермен таныстыру. Тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс атай білуге, сабақ барысында кездесетін сөздер мен сөз тіркестерін сөйлесім үлгілерінде дұрыс қолдана білуді үйрету; дамытушылық-оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, есте сақтау, көру қабілеттерін шыңдау. Ауызекі сөйлеу тілдерін, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорларын байыту. айтылым, жазылым, сөйлесім барысында өтілген сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру; тәрбиелік-туған жерін, елін сүйуге, оған құрметпен қарауға, Астананың көркеюіне өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, сөздік жұмысы, «Бес жолды өлең», «Дыбыстар сөйлейді» стратегиялары.

Көрнекі құрал-жабдықтары: интерактивті тақта, суреттер, Астана туралы слайдтар, бейнежазба компьютер.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, музыка.

I. Ұйымдастыру бөлімі:

- Оқушылармен амандасу.
- Оқушыларды түгелдеу.
- Зейіндерін сабаққа аудару.

II. Оқушыларды топқа бөлу (Орал, Ақсай, Астана суреттері қиылған қағаздарды партаның үстіне тастап, әр оқушы өзіне ұнағанын алып, үш топқа бөлінеді)

-Бұл суреттер нені білдіреді? Біздің сабағымызға байланысты ма?

III. Үй жұмысын тексеру үшін өтілген тақырыптар бойынша «Шындық па, жалған ба?» әдісімен сұрақтарға жауап беру.

1. Біздің Отанымыз Қазақстан Республикасы деп аталады ма? Шындық

2. Еліміздің елбасы Н.Ә.Назарбаев па? Шындық

3. Еліміздің мемлекеттік рәміздері екеу. Жалған

4. Туымыздың түсі көк. Жалған.

5. Біз көпұлтты елміз бе? Шындық

6. Еліміздің астанасы - Астана қаласы. Шындық

7. Астана Жайық өзенінің жағасында орналасқан ба?

Жалған

8. «Медеу» мұзайдыны Астанада орналасқан ба?

Жалған

9. Біз Ақсай қаласында тұрамыз. Шындық

10. Орал – Батыс Қазақстан орталығы. Шындық

Өткен сабақтарда өтілген жаңа сөздерді тексеру.

Орысша баламасын қазақшасымен сәйкестендір:

центр - орталық;

здание - ғимарат;

памятник - кешен;  
комплекс – жаға;  
берег - ескерткіш.  
- Балалар, бүгін нешесі?  
- Аптаның қай күні?  
- Биыл қай жыл?  
- Ал енді осыдан не байқадыңыздар?  
- Сандар.  
- Сан есім дегеніміз не? Мысалдар келтіру. Олардың түрлері. Соның ішінде реттік сан есімдер. (Реттік сан есімдердің жасалу жолына тоқталу. Мысалы: үшінші, оныншы, он сегізінші.)

- Сен нешінші қатарда отырасың?

- Нешінші сыныпта оқисың?

Сандар слайдта. 1998 жылы Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласына көшірілді. 6 шілдеде Астананың туған күні. 2017 жылы Астанада Ехро өтеді.

IV. Сөздік жұмысы:

салынды-был построен;

ғимарат-здание;

жаға-берег;

сәулетші - архитектор.

Сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыру.

«Астана- Бәйтерек» бейнежазбасын көрсету.

- Бейнематериалдан не байқадыңыздар? Қалай ойлайсыздар, осы тақырыпты өтейін дегендегі мақсатымыз не?

Тыңдалым. Мәтінді дисктен тыңдау. Оқушылар

мәтінді тізбектей оқиды.

6-тапсырма.

Бұл ғимарат «Астана - Бәйтерек» монументі деп аталады. «Астана - Бәйтерек» монументі 2002 жылы салынды. Сәулетшісі – Норман Фостер. «Астана - Бәйтеректің» биіктігі – 97 метр. Мынау «Аялы алақан» композициясы.

«Астана - Бәйтерек» монументі – биік әрі әдемі ғимарат. «Астана - Бәйтерек» - Астана символы.

I топ. Мәтінді оқып, топ болып аудар. Сан есімдерді, реттік сан есімдерді тауып айт.

II топ. Астана туралы мәтіннен сан есімдерді тауып, жасалу жолын түсіндір.

#### Астана қаласы

Астана –Қазақстанның елордасы. 1997 жылы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың елорданы Астана қаласына көшіру туралы заңы шықты. Ақмола қаласының атауы 1998 жылы 5 мамырда Астана болып өзгертілді. 6 шілдеде Астана қаласының туған күні. Биыл 2017 жылы Астана қаласында ЕХРО көрмесі өтеді.

6 шілдеде, 1998 жылы, 5 мамырда, 2017 жыл.

Оқулықтағы 2-тапсырмаға қарап, сан есімдердің дұрыс, бұрыстығын тез сәйкестендір.

	1997 жылы
«Астана - Бәйтерек»	2002 жылы
қай жылы салынды?	2014 жылы.

Астананың туған күні 1 желтоқсанда  
қашан тойланады? 10 маусымда  
6 шілдеде  
Ақмола атауы қашан өзгертілді? 1998 ж. 5 мамырда  
2010 ж. 5 мамырда

2017 жылы

Астанада EXPO көрмесі қай жылы өтеді? 2018 жылы

2020 жылы

III топ. Кітаптағы 2-тапсырма.

Маршруттық картаға салып, үлгісін көрсету.

Жалғауларды табу, көшіріп жазу, оқу.

*Астана* сөзін септеу.

*Фимарат* сөзін тәуелдеу.

- Астана туралы өлеңдер білеміз бе?

Сергіту сәті. «Астана - Бәйтерек» ән салу.

I топқа «Бес жолды» өлең жазу. Ақ параққа көрсету.

II топқа «Дыбыстар сөйлейді» стратегиясы. Ақ параққа Астана сөзіне сипаттама беру.

А-айбынды

С-сәулетті

Т-танымал

А-атақты

Н-нұрлы

А-арайлы

III топқа 3-4 сөйлемнен тұратын эссе жаз. «Астана – арман қала». Тақтаға шығып оқу.

Рефлексия

Менің көңіл күйімнің баспалдағы.

Үйге тапсырма: «Астана символы-«Бәйтерек» мәтінін оқу, әңгімелеу.

Эссе

**Ж.САҒЫНОВА,**  
**«Бейнеу аудандық әкімдігінің**  
**Ж.Қалдығараев атындағы орта**  
**мектебі» КММ.**  
Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы

## **МЕНИҢ ӨМІРДЕГІ КІТАБЫМ**

*"Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан  
былай ғана әрбір жан өзін интеллигент  
бола бастадым деп санауына болады."*

*М.Әуезов.*

Жеңілі мен ауыры, шуағы мен дауылы қатарласып жүретін өмір жолында әрбір адам баласы жаны жабырқаған мезетте өз жанына медет іздейді. Оған бірінші кезекте ұлттық саз бен кітап тосқауыл бола алады деп ойлаймын. Қандай да бір басына жағдай түсе қалса, оны сейілтуге кітап құдіреті ғана жетеді. Міне, сондықтан да ол қасиетті саналады. Рухани жан дүниеге демеу беріп, адамның адами қасиеттерін арттыратын да осы кітап, осыдан барып кітапсыз өмірімізді елестету де қиын. Сонау сан ғасырлық тарихымыз

бізге хатқа түскен кітаппен жеткен жоқ па? Соған карап біз өткен өмірімізді көз алдымызға алып келеміз. Тәрбиеміздің бастауы ертегі, жыр, дастандарымыз да бүгінгі ұрпаққа кітап болып жетті. Ұлы ағартушымыз Ы.Алтынсарин:

*Бір Аллаға сиынып,  
Кел, балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық! –*

деп өз хрестоматиясында жазған болатын. Қазір кітапқа түскен осы бір шумақ өлең кез келген бүлдіршіннің аузында жүр десек, Ұлы Абайдың:

*Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл терең білуге.  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге! –*

деген сөзінен-ақ көп нәрсені аңғаруға болады.

Кітап – бұл адамзат баласы ақыл-ойының ең кемел жетістігі. Тасқа басылған нәрсе – тарих. Сол тарихты есте жоқ ескі замандардан бері бізге әуелі қыштан, сосын пергамент, папирустан, кейінірек қағаздан жасалған кітап жеткізіп келе жатыр. Адамзат баласының жасампаздығын басқа

ешнәрсе де емес, тек осы кітап қана дәлелдей алады. Ендеше, ол барша құрметке лайықты, барша марапатқа ие.

Мен қазіргі аға буын өкілдерінің "жастар кітап оқымайды" деген жаттанды, құлақсінді пікіріне қосылмаймын. Неге десеңіз, кітап оқитын жастарымыз да баршылық. Бірақ ащы да болса шындықты мойындауымыз керек, бүгінде кітапқа деген қызығушылық аса жоғары деңгейде емес. Қазіргі таңда жастарымыздың бір-бірімен оқыған кітаптары жайлы сөз таластырып жатқанын көре алмаймыз. Олардың алтын уақыттарының бәрін ұялы телефон, телехикая, интернет дегендер "ұрлағалы" қашан!

Мен «наданмен қас болғанша, кітаппен дос бол» деген ұстанымды үнемі алға тартып, өз бос уақытымды «заманалар толқынында тербеліп, үстіндегі қымбат қазынасын ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой кемесі» - кітап оқу арқылы өткіземін.

Талай шәкірт жүрегінің бағбаны болған ұстазым Бақыт Балов ағайды үлгі етемін. Өйткені, ағайдың барлық әдеби шығармаларды жатқа



оқитынына таңқаласың. Біз Бақыт ағай салған ізгі сара жолды ерекше құрметтейміз. Бақыт ағай секілді кез келген әдеби шығармалардан үзінділерді жатқа айтып тұрсақ деп армандаймыз. Ағай мұндай дәрежеге кітап оқу арқылы жетті.

Мен бос уақытымда әдеби кітаптарды ынта-ықыласыммен оқуға кірісемін. М.Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясын тағы да қайталап оқыдым. Әлем әдебиетіндегі ең үздік туындының бірі саналатын осы романды оқу арқылы ескі мен жаңа арасындағы байланысқа терең бойлағандай болдым. Әуезов арқылы әлем бізді таныды, таңырқады, таңданды. Абай арқылы Абайдай алыптарды туғызған қазақ халқына сүйсінді. Сондықтан да "Абай жолын" оқыған Бенжа мен Матип «қазақ неткен ғажайып халық» деп өзін-өзі ұмыта сүйсінсе, Константин Федин "өзінің қалай қазақ болып кеткенін білмей қалған."

Бұл романдағы басты кейіпкер – Ұлы Абай. Абай - қазақ поэзиясының асқар биігі. Абай – поэзия көгінің пайғамбары. Қазақ әдебиеті тарихында Абай ерекше орын алады. Себебі, Абайдай дана қазақ әдебиеті тарихында біреу-ақ.

Абайы бар кез келген ұлт өз терезесін өзге елмен теңестіре алары хақ. Абайдың ұлылығын, сырлы жүрегін, қара сөзін, даналығын әр қазақ бойына сіңірді. Өйткені, Абай қашан да Абай!

"Абай жолы" роман-эпопеясында халқымыздың тек қана салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ғана емес, күллі ұлттың рухы сайрап тұр. Сол себепті бұл романды қазақ халқының энциклопедиясы десе де болады.

Дана Абайдың басқа ақындардан артықшылығы алдын, болашағын күні бұрын болжай білуінде. Сол уақытқа дайындықпен күрескер болуға үндеуінде. Және "алатынды ғана ал, санаң салмақ сал" деп қатал ескертуінде.

Елбасымыз айтқандай: "Абайдың әр сөзі - қазақтың бойтұмары" болмақ. Абай есімі - қазақ әдебиетінің таңдаулы дәстүрінің атына заты сай символы.

Осылайша біз, қазақ елі рухани байып, әлем қазақ туралы қызыға оқып жатқанына мақтанышпен қарадық.

Мен "Абай жолы" романын қайта оқу арқылы осындай ойға келдім. "Абай жолы" роман-эпопеясы

менің өмірдегі ең бағалы кітаптарымның бірі. Ғасыр туындысын мәңгі мұра ретінде халқына сыйлаған М.Әуезов талантына, асқан біліміне бас идім!!!

Кітап дейтін рухани дүниенің ұлылығын танытып, қалың жұртшылыққа жақындатып, бүгінгі таңда жаңа ақпараттық технологияның қалқасында қалып бара жатқан кітап әлеміне самғау, оны биікке көтеріп, мәртебесін өсіру мақсатында жастар арасында кітап оқушылар конференциясын жиі өткізіп тұрса нұр үстіне нұр болар еді?!

Кітап – рухани азық, халық шамшырағы. Ол қай кезде де адам жүрегінің пернелерін дәл тауып, оны ойната білетін, адам жанының психологиясын ұғынып, рухани демеушіміз бола білетін біздің жол сілтеуші бағдарымыз.

Жастар – еліміздің болашағы. Сондықтан халықтың шамшырағын өшіріп алмау – бізге сын.

Кітап оқиық, достар! Өмірдің бар қызығы – сонда ғана!

**М.АҚТАЖИЕВА,**  
**С.Датұлы атындағы**  
**№26 орта мектеп.**  
Атырау қаласы,  
Ақжар селосы

## **XXI ҒАСЫР МАХАМБЕТІ**

1-жүргізуші: - Қайырлы кеш, қадірлі ұстаздар мен оқушылар! «XXI ғасыр Махамбеті» атты танымдық кешімізге қош келдіңіздер.

2-жүргізуші: - Арғымақ аттың баласы,  
Аз оттар да, көп жортар.

Азамат ердің баласы,

Аз ұйықтар да, көп жортар,-

деп ерлік пен елдікті, қайсарлық пен батырлықты жырлап өткен батыр бабамыз Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығына арналған танымдық ойынымызды бастаймыз.

1-жүргізуші: - Олай болса, ортаға ойынға қатысушы сайыпқырандарымызды шақырамыз. (Ортаға ойынға қатысушы оқушылар шақырылады. Қазылар алқасының мүшесі тағайындалады.)

2-жүргізуші: - Қасиетті қазақ даласы ержүрек ұлдарға кенде болмаған. Әйтсе де, қолына қару алып ел қорғаған батырлардың, төрелік айтқан

шешендер мен билік айтқан сұлтандардың мыңнан бірінің ғана аты тығырықтан жол, түнектен сәуле табады.

1-жүргізуші: - Басынан бағы тайған сонау заманда қазаққа қорған боп туған ерлердің бірі – Махамбет Өтемісұлы. Ол жылдардағы шаруалар көтерілісінің басшысы, ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, қара қазан сары баланың қамы үшін қылыш сермеген батыр, дауылпаз ақын.

2-жүргізуші: - Дауылпаз ақын бабамызға арналған сайыстың I кезеңі – «Бәйге». Бұл кезеңде ойыншыларға сұрақ беріледі. Қойылған сұрақтарға барлық ойыншы жауап беруге құқылы. Әрбір дұрыс жауап үшін 1 ұпай. Жауап бірінші ниет білдірген ойыншыдан сұралады, дұрыс болмаған жағдайда екінші ойыншы жауап бере алады.

1-жүргізуші: - Ойын шарты мәлім болса, алғашқы кезеңімізді бастаймыз.

2-жүргізуші: - «Бәйге» кезеңінің сұрақтары:

1. Махамбеттің Исатайға арнаған мінездемелі өлеңі? (Тарланым)
2. Махамбеттің әкесі? (Өтеміс)
3. Махамбеттің басты арман-мұраты? (Теңдік, тәуелсіздік алу)
4. Махамбет неше ағайынды? (он)
5. Махамбеттің ұраны? (Ағатай-Беріш)
6. Махамбеттің бойындағы саятшылық қасиет?

(Мергендік)

7. Н.Әбуталиевтің Махамбет өмірінен жазылған кітабы? («Өтгің дүние»)

8. «Исатай-Махамбет» дастанының авторы? (Ығылман Шөреков)

9. Махамбеттің мүсінін жасаған антрополог ғалым. (Н.Шаяхметов)

10. Махамбетке жау хан? (Жәңгір хан)

11. «Әй, Махамбет, жолдасым» өлеңінің авторы? (Махамбет)

12. М.Өтемісұлына арналған «Шашақты найза, шалқар күй» жинағын құрастырушы? (Қаршыға Ахмедияров)

13. Алаша руының қарт батыры, Махамбеттің досы? (Сатыбалды)

14. Махамбеттің бес қаруының біріне арналған күйі? («Жұмыр қылыш»)

1-жүргізуші: - Дауылпаз ақынның асқан рухты шабытпен шығарылған отты жырлары ешкімді бей-жай қалдырмаған. Махамбет поэзиясы – қазақ әдебиетінің қайталанбас құдіреті. Оның өжет өлеңдері аттың үстінде, түйенің қомында дүниеге келіп жатты. Ол қайсар жырларымен жолдастарына қайрат, жігер беріп, жабыққанға рух, дем беріп қайраттандыратын, езілгеннің еңсесін тіктейтін әруақты ақын.

2-жүргізуші: - Махамбеттің тіл өнеріндегі

күдіреттілігіне осылайша баға бере отырып, ойыншыларды «Тіл - өнерге» шақырамыз. Шарты: Махамбет өлеңдерінен айтылмай қалған сөзді тауып, орыс және ағылшын тілдеріне аудару керек. Әр аударма үшін 10 ұпай.

1-жүргізуші: - «Тіл - өнер» кезеңінің тапсырмасы:  
«Ереуіл атқа ер салмай» өлеңінен үзінді  
Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза ..... алмай. (қол – рука - hand )  
«Беркініп садақ асынбай» өлеңінен  
Білтеліге ..... салмай,  
Қорамсаққа қол салмай. (доп – мяч – ball )  
«Арғымақ сені сақтадым» өлеңінен  
Шабушы еді безектеп,  
Жақсыменен ..... болсаң. ( дос – друг – friend )  
«Жалған дүние» өлеңінен  
Қоғалы көлдер, қом .....  
Кімдерге қоныс болмаған. ( су – вода – water )

2-жүргізуші: - Махамбет – күдіретті күйші. Оның бойында бес қаруымен бірге қасиетті қара домбырасы да болған. Жаумен жағаласа жүріп, ол үнемі домбырасынан алмас қылыштай өр толғаулар, халқының ызасы мен кегіне суарылған күйлер төкті.

1-жүргізуші: - Махамбеттің бізге жеткен «Жайық асу», «Шілтерлі терезе», «Жұмыр қылыш», «Өкініш», т.б. күйлері – қазақ мәдениетінің баға

жетпес байлығы, асыл мұрасы. Сонымен, Махамбет ұрпақтарын «Жеті жұмбақ» кезеңіне шақырамыз.

2-жүргізуші: - Кезеңнің шарты: берілген ұяшықтарда мектеп пәндеріне және Махамбет шығармаларына негізделіп дайындалған сұрақтар бар. Ұяшықтағы сұрақтарға дұрыс жауап берген жағдайда ұпай ойыншылардың еншісіне тиеді.

2-жүргізуші: -Арнайы сұрақ.

«Исатай-Махамбет» дастанын жазған ақын?  
(Ығылман Шөреков)

### **Қазақ әдебиеті**

*«Әскер жиып аттандық,*

*Бекетай еді тұрағым.*

*Айғайлап жауға тигенде,*

*Ағатай-Беріш ұраным»* деген өлең жолдары Махамбеттің қай өлеңінен үзінді? («Соғыс» өлеңінен)

### **География**

Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі Қазақстанның қай аймағында кеңінен белең алды?  
(Батыста)

### **Биология**

Махамбеттің жалғыздығына куә болған құс.  
(Қызғыш құс)

### **Тарих**

Исатай-Махамбет бастаған көтерілістің сипаты.  
(Шаруалар көтерілісі)



Күй жұмбақ

Ойынды өткізуші өзінің қолында бар Махамбеттің бір күйінен үзінді және аз ғана мәлімет беруі керек.

Сурет жұмбақ.

Мына суреттегі тұлға Махамбет туралы шығарма жазған жазушы. Бұл кім? Шығарма қалай аталады? (Н.Әбуталиев «Өттің, дүние»)

**Математика**

Махамбет ақын қай жылы, неше жасында өмірден өтті? (1845 жылы, 42 жасында)

Сыйлық

Осы ұяшықты таңдаған ойыншыға Махамбеттің күйі немесе толғауы жазылған кассета немесе компакт-диск сыйға тартылады.

(Үш кезеңнен кейін ұпайы аз екі оқушы ойыннан шығарылады.)

2-жүргізуші: -Махамбет көтерілісі арып-ашып жол көріп, Өтемістен туған онның тоғызы құрбан болып, қорлық пен зорлыққа, езгіге қарсы қазақ халқының азаттық жолындағы айқасының бірі де бірегейі. Ол ұмытылмақ емес. Себебі бұл көтеріліс арқылы халыққа азат таңы сәл де болса жақындай түскені хақ. Оған Махамбет ақынның отты жолдары мен жырлары куә.

1-жүргізуші: -Олай болса, от ауызды, орақ тілді ойыншыларымыз ой толғайды.

Тақырып: « Махамбет – ерлік пен елдіктің өшпес

рухы »

Ойыншылар ой толғауға дайындалғанша М.Шахановтың «Әке үкімі» поэмасы оқылады.

Ойыншылардың сөз саптауына, тіл шеберлігіне, білімпаздығына қазылар алқасы 10, 20, 30 ұпайлық бағалар береді.

2-жүргізуші: - Барлық қазақ Махамбетпен мақтануы тиіс. Ендеше ХХІ ғасыр Махамбеттерімен «Жедел жауап» кезеңінде жүздесейік.

5-кезеңнің тапсырмасы:

1-ойыншыға:

1. Махамбет қай жылы дүниеге келді? (1803 жылы)

2. Махамбет қай жерде дүниеге келді? (Бекетай құмы)

3. Ақтабан кімнің тұлпары? (Исатай)

4. Махамбетпен жауласқан хан? (Жәңгір хан)

5. Махамбеттің ұраны? (Ағатай - Беріш )

6. Хан жасағымен Исатай сарбаздары соғысқан жер? (Қиялы мола)

7. 1986-38 жылдардағы көтеріліс қанша айға созылды? (18 ай)

8. Махамбеттің соңғы әйелі? (Әуес)

9. Т.Әлімқұловтың Махамбет өлімі турасында жазған әңгімесі қалай аталады? («Қараой»)

10. Н.Тілендиевтің Махамбетке арнаған туындысы (Ұлт аспаптар оркестрінде жазған «Махамбет» поэмасы)

2-ойыншыға:

1. Махамбет дүниеден өткен жыл? (1845 жылы)
2. Махамбет дүниеден өткен жер? (Қараой)
3. Исатайдың тұлпары (Ақтабан)
4. Жәңгірдің әкесі? (Бөкей хан)
5. «Ағатай-Беріш» кімнің ұраны? (Махамбет пен Исатайдың)
6. Исатайдың әкесі? (Тайман)
7. Өтемістің неше баласы болған? (10)
8. Махамбеттің Алаша руынан алған әйелі (Типан)
9. Махамбеттің руы? (Құлмәлі Беріш)
10. Ә.Әлімжановтің Махамбет туралы жазған шығармасы? («Махамбеттің жебесі»)

1-жүргізуші: - Енді қазылар алқасынан ойыншылардың ұпайын, ойын нәтижесін сұраймыз. (Қазыларға сөз беріліп, «XXI ғасыр Махамбеті» анықталып, жеңімпазға диплом және сыйлық тапсырылады.)

2-жүргізуші: - Өзінің таным-түсінігімен, білімпаздығымен, алғырлығымен мәреге шыққан XXI ғасыр Махамбетін жеңісімен құттықтаймыз! Біліміне ерлігі сай Махамбеттей ерлеріміз азаймасын дей отырып, батыр бабамызға арналған танымдық ойынымызды аяқтаймыз. Сау-саламат болыңыздар!

**Ж.ТӨЛЕУБАЕВА,**  
**№25 жалпы орта**  
**білім беру мектебі.**  
Павлодар қаласы

## **СӨНБЕС ШЫРАҚ**

«Адалдың жері жоқ ақырда жеңбейтін,  
Тарихта әрқашан адал жан өлмейтін»,-  
Деп әкем Шәкәрім сөзімен өрілген,  
Қалдырды жазуды ешқашан сөнбейтін.

Бес жасынан есте қалған дүниесін,  
Алпыстың тоғызында қолға алған-ды.  
Адалдықтың ақ туын нық ұстанған,  
Шәкәрімді ап есіне бір толғанды.

Сөз еткен Еңлік пен Кебек жайын,  
«Қалқаман мен Мамырдың» тамызып майын.  
Тайға таңба басқандай жазуымен,  
Оқи берсең болады бәрі дайын.

Қиссаларды жатқа білген әкемнен,  
Естігенмін «Қалқаман мен Мамырды»

Жыр қылатын таң тамаша ойға орап,  
Шәкәрімнің мұрасымен тамырлы.  
Хабарсызбыз, айтуға қылғаннан шек,  
Қызыққаннан сұраймыз жағалай кеп.  
Балалықпен көкірегіме байланбапты,  
Есімі қапты есімде, басқасы тек.

«Айтылар ол туралы әлі», - дейтін,  
Шешен тіл, асыл сөздің қамын жейтін.  
Адалдыққа баулыған ата – анам:  
«Болсаң адал, сөнбейді шамың!» - дейтін.

Мықтап мінсе шабытының пырағын,  
Толастар ма тау суындай жыр ағын?!  
Жаққаны сөнбеу үшін мәңгілікке,  
Маздатайық, даналықтың шырағын!

Жүректерден орын алған – тұрағы.  
Болайықшы, мұрасына қырағы.  
Ер Түріктің ұрпағына аманат:  
«Алауласын, Шәкәрімнің шырағы!»

**Д.АРЫСТАНҒАЛИЕВ,**  
**Жарөткел негізгі**  
**мектебінің 8-сынып оқушысы.**  
Ақтөбе облысы,  
Әйтеке би ауданы,  
Жарөткел ауылы

## **МАҒЖАН АҚЫНМЕН СЫРЛАСУ**

Өмірден де өтіп кеттің жырланып бір,  
Ажалға да тамызар су анық бұл,  
Өлең десе бір жарық белгі беріп,  
Өзің десе мың өлең сұранып тұр.  
Көсілмейді өзің десең атырап қай,  
Өмір-өзен, тағдырыңа тақырып сай.  
Сен де өмірді ауыстырып жүр ме екенсің?  
Жас қайың боп жүрегі жапырақтай.  
Өлең іздеп шөлдегенге су ме екенсің?  
Жыр алыбы Жамбылымдай жыр ма екенсің?  
«Мен жастарға сенемін» деп жырлап өткен  
Жастарымның арасында жүр ме екенсің?  
Кетпек емес еш ақынның сөзі босқа,  
Мағжандардың маржан жыры, сөзі басқа.  
Өлең деген биіктік байқағанға,  
Ақын деген алып тау көзі барға.  
Сөзі алтын ұлы Абайды құрмет тұтқан,

Қазақ көркем сөзінің шеберісің.  
Өнер-білім қайтсе де табылар деп,  
Уфа, Қазан, Мәскеуді де аралапсың.  
Сыршыл ақын, дара ақын болғанды,  
Бізге мұра Мағжан салған жол қалды.  
Бар қазаққа өз өмірін арнаған,  
Мағжан аға жырлай берем тұлғанды.  
Қайғы түгіл, бақыт тосын көңілге шын,  
Өмір-жырым, ал өлең-көңілде шын.  
Қазақ барда әлі де өркендейсің,  
Біздер барда мәңгілік өмірдесің.

## **АС АТАСЫ – НАН**

Шықшы сен далаға,  
Қарашы айналаңа.  
Алтын алқап, сары бидай  
Егілген кең далама.  
Диханшының еңбегі,  
Наубайшының ақ тері,  
Міне келді алдыма  
Ыстық нанның піскені.

**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы  
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.09.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32  
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,  
Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және  
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №9, 2017 ж., 144 бет, Алматы.